

ғылыми-әдістемелік журнал науқно-методический журнал

СОҚШАҚ

Тропинка

№4 (111) тамыз 2024 жыл



САРТАЙ БАТЫР
ЖАУЖҮРЕК МЫҢ БАЛА

“Сартай бастаған “Мың бала” ерлігі -
Ұлттық ерліктің үлгісі”
М.Құлкенов

✉ Evrasia_centre@mail.kz
f www.facebook.com/tourism07.kz/

globe tourism07.kz
📷 instagram.com/tourism07.kz/

Уважаемые читатели и авторы журнала «Соқпақ – Тропинка», педагоги туристско- краеведческой и экологической деятельности!

Журнал «Соқпақ – Тропинка» – это уникальное явление не только в мире детской публицистике, но и в детско-юношеском туризме в целом. Доброе издание, которое можно без опасений дать в руки ребенку, зная, что журнал станет ему надежным другом, научит хорошему.

Это очень важно в воспитании подрастающего поколения, поэтому, как детский омбудсмен, выражаю особую признательность журналу «Соқпақ – Тропинка» за ту значимую роль, которую данное издание играет в жизни детей и подростков. Работа коллектива редакции помогает не только расширять кругозор юных западноказахстанцев, будущих патриотов нашей Родины, но и способствует формированию устойчивых моральных ценностей, уважению к природе и любви к активному, здоровому образу жизни.

Не могу не сказать несколько слов и о редакции журнала. Ваш коллектив – это энтузиасты, которые день за днем осуществляют кропотливую работу, самоотверженно трудятся для воспитания подрастающего поколения. «Соқпақ – Тропинка» – это больше, чем журнал; это настоящий путеводитель в мир детско-юношеского туризма, который помогает детям и подросткам через красоты родного края познать себя, полюбить окружающий мир и природу малой родины.

Каждая страница «Тропинки» наполнена искренней заботой о духовном и физическом развитии молодежи. Благодаря вашему труду и идеям, в юных западноказахстанцах воспитывается стремление к новым вершинам, мотивация к преодолению трудностей, умение находить радость в каждом шаге на пути к достижению цели. Через журнал «Соқпақ – Тропинка» дети и подростки открывают для себя мир приключений, учатся уважению к окружающему миру и становятся более сплоченными и ответственными.

Еще одно уникальное место – это лагерь «Евразия», где юные туристы получают возможность испытать себя, освоить и закрепить навыки, которые будут полезны им на протяжении жизни. Здесь ребята не просто отдыхают на природе, но и активно учатся преодолевать самые разнообразные препятствия, занимаются скалолазанием, спортивным ориентированием, учатся переправляться через реки, ставить палатки, ориентироваться по компасу и на незнакомой местности, постигают иные сложные элементы туризма.

Под присмотром первого руководителя лагеря и опытных инструкторов-туристсменов дети осваивают технику безопасности для прохождения маршрутов, учатся работать в команде и преодолевать свои страхи. Лагерь предоставляет море возможностей для развития выносливости, силы духа и уверенности в себе, что помогает ребятам не только в туристических походах, но и в обыденной жизни.

Спасибо за вашу неизменную поддержку юных туристов, за мудрые советы и вдохновение, которое вы дарите. Ваша работа – это яркий лучик, освещающий путь молодым людям. Пусть же каждый ребенок найдет свою «тропинку» в жизни!

Желаю журналу «Соқпақ – Тропинка» долгих лет творчества, процветания, расширения аудитории и новых ярких проектов, которые будут радовать и вдохновлять будущие поколения юных граждан нашей страны, патриотов малой родины!



Уполномоченный по правам
ребенка ЗКО

Журнал –

**НУРМАГАМБЕТОВА
Жанат Жандуллаевна**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНДЕ 01.12.2003 ЖЫЛЫ ТІРКЕЛІП,
№4482-Ж КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.
24.12.2021 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЕСЕБІНЕ № KZ40VPV00044511
ҚАЙТА ТІРКЕЛДІ.

Таралым аймағы: Қазақстан Республикасы

№4 (111), тамыз 2024 жыл

МЕНШІК ИЕСІ: МКҚК «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі
білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм
және экология облыстық орталығы» (келесіде – БҚ
ОБЖТЖЭО)

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
қолдауымен жылына 6 рет шығады.

Журналдың негізін қалаушы:

Фомин Виктор Павлович - А.А.Остапец – Свешников
атындағы Халықаралық балалар-жасөспірімдер туризм
және өлкетану академиясының (келесіде – А.А.Остапец-
Свешников атд. ХБЖТЖЭА) академигі, п.ғ.к.

Редакциялық кеңес:

Төрайымы: **Мыңбаева Айгүл Әділгерейқызы** - Батыс
Қазақстан облыстық білім басқармасының басшысы

Шеф-редактор: **Бекқалиев Ғалым Ибатоллаұлы** – Батыс
Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының балалар
мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық
орталығының директоры (келесіде – БҚОБЖТЖЭО)

Кенес мүшелері:

Жұмаев Максат Сағынтайұлы – белгілі Қазақстан
альпинисі, альпинизм бойынша Халықаралық деңгейдегі
Спорт шебері, БҚО-ның құрметті азаматы

Смирнов Дмитрий Витальевич – п.ғ.д., А.А.Остапец-
Свешников атд. ХБЖТЖЭА-ның президенті

Мазбаев Орденбек Білісбекұлы - п.ғ.д., А.А.Остапец-
Свешников атд. ХБЖТЖЭА-ның академигі

Никитинский Евгений Сергеевич – п.ғ.д., «Тұран-
Астана» университетінің профессоры

Абдулхаиров Абджемил Закерьянович – п.ғ.к., доцент,
А.А.Остапец-Свешников атд. ХБЖТЖЭА-ның Крым
аймақтық филиалының төрағасы

Шаяхметов Асхат Галиевич - А.А.Остапец-Свешников
атд. ХБЖТЖЭА-ның академигі

Редакция алқасы:

Г.З.Усағалиева – ОБЖТЖЭО директорының ОӘЖ
жөніндегі орынбасары

А.Б.Мукашева - ОБЖТЖЭО директорының ОТЖ
жөніндегі орынбасары

К.Е.Негалиева - ОБЖТЖЭО туризм және қауіпсіз
маршруттар бөлімінің меңгерушісі,

Р.С.Альмұханова – ОБЖТЖЭО өлкетану бөлімінің
меңгерушісі

Н.Х.Гатауов - ОБЖТЖЭО экологиялық туризм бөлімінің
меңгерушісі

Р.Е.Нұрманов - ОБЖТЖЭО спорттық бағдарлау бөлімінің
меңгерушісі

В.В.Мазуренко - ОБЖТЖЭО спорт және дене шынықтыру
бөлімінің меңгерушісі

Нөмірмен жұмыс жасағандар:

Қайрлиева Қ.Ж. - бас редактор

Карина Ж.М. - корректор

Кушекқалиев Ж.Н. - дизайнер, беттеу

Журнал редакциясының пікірі жарияланым авторларының
пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.
Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Жазылым индексі

Жеке жазылушы – 75184

Мекемелер мен ұйымдар – 25184

Редакция мекен - жайы:

090004 Қазақстан Республикасы, Орал қ.,

Исатай батыр көшесі, 71/1

Тел.(7112) 52-59-42, 52-58-91

e-mail: evrasia_centre@mail.ru

www: tourism07.kz

Форматы А4 210 x 279 мм, офсетті басып шығару.

Тапсырыс №

Таралымы 550 дана

«Көкше-Полиграфия» АҚ компаниясында басылған,

Ақмола обл., Көкшетау қ.,

ІС-ТӘЖІРИБЕДЕН - ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ

Қуаналиева М.С.

Туризмді дамыту - елді дамыту.....2

ӨЛКЕТАНУ

Бектұрғанов А.М.

Сартай батыр.....7

МУЗЕЙТАНУ

Казиева У.О.

«Жерұйықтағы» жәдігерлер сыры.....14

ГЕОЛОГИЯ

Якименко Г.А., Гатауов Н.Х.

Выполняем задания Президента.....18

СПОРТ

Ли О.К.

Формы и методы работы спортивной секции тхэквондо
Центра внешкольной работы г. Уральска.....28

ӘДІСТЕМЕ

Қайрлиева Қ.Ж.

Қазақстанның алғашқы теміржолына 130 жыл.....32

Ескалиева Г.Т.

Туристік - өлкетану бағытындағы «Руханият»
үйірмесінің эксперименттік бағдарламасы.....36

ПСИХОЛОГИЯ

Рахимова Г.К.

Формирование приемов умственной деятельности
у младших школьников с задержкой психического
развития.....46

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА

Жәрдемова Г.Е.

Туристік түйіндерді байлау техникасы.....49

Каражанова Г.Ж.

«Ғарыш әлеміне саяхат». Граттаж.....51

Адайәлі М.Ғ.

Минералдар және тау жыныстары.....53

Якупова Ж.Б.

Батыс Қазақстанның палеонтологиялық олжалары.....56

ТУРИСТІК ЖАҒАЛЫҚТАР

Спорттық туризмнен (жаяу туризм) Халықаралық
жарыс және велосипед туризмінен Қазақстан
Республикасының чемпионаты.....60

VII Халықаралық жас геологтардың далалық
олимпиадасы.....61

«Елтану» туристік-өлкетану экспедициясы

Қаныш елінде.....62

Лето 2024.....64



Туризмді дамыту- елді дамыту



КУАНАЛИЕВА

Мендигуль Сагидуллиновна
Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің
БЖТжЭО директорының орынбасары,
педагог-зерттеуші,
Жәнібек ауд., БҚО

Аңдатпа

Мақалада Жәнібек ауданының білім беру бөлімінің балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығының жұмысы және соңғы жылдарда жеткен жетістіктері жазылған. Білім беру ұйымдарындағы балалар мен жасөспірімдер туризмі - балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мен патриоттық, экологиялық тәрбие берудегі таптырмас құрал. Туган жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыруда да, спортқа деген білімдерін дамытуда да, маңызды рөл атқарады.

Аннотация

В статье рассказывается о достижениях «Центра детско-юношеского туризма и экологии» отдела образования Жаныбекского района за последние годы. Детско-юношеский туризм в организациях образования - незаменимый инструмент в рациональном использовании досуга и патриотическом, экологическом воспитании детей. Играет важную роль как в формировании любви к родной земле, так и в развитии знаний о спорте.

Кілт сөздері: Жәнібек ауданының білім беру бөлімінің балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы, тарих, туризм, жорықтар, өлкетану, экология, спорттық бағдарлау.

Егеменді ел болып, тәуелсіздік туын биік көтерген қазақ елінің бүгінгі таңдағы алдына қойған мақсаты – дамыған өркениетті ел қатарына қосылу. Бұл мақсатқа жетудің бір жолы – қай сала болса да барынша еңбек етіп, қазақтың материалдық, рухани байлықтарын әлемге танытуға әрекет жасау. Өсіп келе жатқан жас ұрпаққа терең біліммен бірге өзінің атақонысының табиғатын, өзен-көлін, тауы мен сахарасын танып білуде туризмнің атқарар рөлі ерекше. Табиғат – ананы жақсы білген баланың бойында еліне, жеріне деген сүйіспеншілік молынан қалыптасып, отаншылдық рухы жоғары болады.

Білім беру ұйымдарындағы туристік-өлкетану бағытындағы шаралар - оқушылардың бойында өз туған өлкесіне деген қызығушылықты, сүйіспеншілікті, өткені мен қазіргі тарихын оқып-үйрену негізінде патриоттық, азаматтық тәрбиені



САЛЫСТЫРМАЛЫ МОНИТОРИНГ



қалыптастырады. Сонымен қатар, баланың сана – сезімін, ойлау қабілетін, зеректілігін дамытып қана қоймай, достыққа, жолдастыққа үйретеді.

Батыс Қазақстан облысының қиыр шетінде орналасқан Жәнібек ауданының бір шеті Ресейдің үш облысымен шектеседі. Орал облысының батысында орналасқан бұл өлкеде бүкіл қазақ елі сияқты тарихқа толы айтар сыры мол аймақ.

Жәнібек - дала философтары, ақындар Шәңгерей мен Ғұмар Қараштың, белгілі академиктер Ғакәш Бияшев, Шмидт Айталиев, Паңгерей Шолақов, Ғаппар Ерғалиев, қоғам қайраткерлері Мұстақым Ықсанов, Рахметолла Егізбаев, композиторлар Қапан Мусин, Мансұр Сағатов, халық қаһарманы, өнер қайраткері Әзірбайжан Мәмбетов, артист Меруерт Өтекешева, ақын Халима Өтеғалиева, батыр Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанова, Хаби Халиуллин, Ерденбек Ниетқалиев, Николай Чуриковтердің Отаны. Аудан аумағы 8,2 мың шаршы шақырымды құрайды.

Аудан 1942 жылы Сталинград майданының соғыс өртіне шарпылған, 2020 жылы мамыр айында «Қаһарман аудан» статусы берілді.

«Жәнібек аудандық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2017 жылғы 16 маусымдағы №107 Жәнібек ауданы әкімдігінің қаулысы негізінде құрылып, қосымша білім беру жұмысын жүргізеді. Оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда негізгі құжаттар: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасында білім беру және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға


арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Президентінің Жарлығы, «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы 9-қосымша, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Бала құқықтары туралы Конвенция. Орталық 2023-2024 оқу жылында 330 тәрбиеленушісі бар 22 үйірмемен, 4 бағыт бойынша өз жұмысын атқарды. Үйірме бағыттары:

- Туризм;
- Өлкетану;
- Экология;
- Спорттық бағдарлау.

Аталмыш оқу жылында педагогтар саны – 8, соның ішінде негізгі қызметкерлер – 8. Педагогтарымыздың 8-де жоғары білімді. Педагогтарымыздың біліктілік санатына тоқталсақ, осы оқу жылында «Педагог-зерттеуші» 1, «Педагог-сарапшы» 2, «Педагог- модератор» 4.

Педагогтеріміздің курстан өту барысына келер болсақ, 2022 жылы 14-21 қаңтары аралығында РҚБОӘО Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың басшылары мен педагог кадр-ларына арналған «Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі менеджмент» тақырыбында директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Куаналиева Мендигуль Сагидуллиновна, 2022 жылдың

ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІКТІЛІК САНАТТАРЫ





28 қаңтар мен 4 ақпан аралығында БАҰО АҚ-ы «Қосымша білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» тақырыбында орталықтың 5 қосымша білім беру педагогтары Жанайым Абзалқызы Мұхтарова, Хамиев Мерлан Нұрланұлы, Тастенов Саясат Рашидович, Нигметов Ерлан Ержанович курстан өткен болатын.

Ұстаз ізденгіш болуы, ойлай білуі, қандай істі болсын, бар ынтасымен атқара білуі керек. Ұстаздар жетістігін атап айтатын болсақ, балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығының ҚББП Нигметов Ерлан Ержанұлы туристік көпсайыс бойынша Қазақстан Республикасының спорт шебері. Ерлан Ержанұлының тәрбиелеген тәрбиеленушілері Картес Азат, Мұрат Батырхан ҚР туристік көпсайыстан спорт шеберіне үміткер атағын алды. Серік Әлібек ҚР туристік көпсайыстың І разрядын алды.


ҚР Кубогының финалында, Түркістан облысында өткен туристік көпсайыста «Байлам»

қашықтығы бойынша жасөспірімдер тобы (ерлер жұбы) І орын Картес Азат, Муратов Батырхан, «Мәнерлеп жүру қашықтығы бойынша» /VELO/ Мұратов Батырхан І орын, шаңғы туризм техникасынан Қазақстан Республикасының чемпионатында «Жеке» қашықтығынан балалар тобы бойынша ұлдар арасында Серік Әлібек 3 орын, «Жасөспірімдер» тобы ұлдар арасында Картес Азат 3 орын алды.

Талдықорған қаласында өткен, тау туризмнен Қазақстан Республикасының чемпионатында Серік Әлібек «Жеке» қашықтығында 3 орын, «Байлам» қашықтығы (балалар тобы) 2 орынды иеленді. Табиғи рельефте өткен туристік көпсайыстан Қазақстан чемпионаты, «Іле - 2024» республикалық жарысында «Байлам» қашықтығы (балалар тобы) 2 орын Серік Әлібек, жетекшісі Нигметов Ерлан Ержанұлы «Байлам» қашықтығы (Ерлер) 1 орын алды.

Картес Азат 2024 оқу жылы 11 сыныпты аяқтап, Көкшетау қаласындағы М.Ғұбайдоллин атындағы

ҰСТАЗДАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ





азаматтық қорғау академиясының «Төтенше жағдай» мамандығы бойынша грантпен оқуға түсті.

Аудан бойынша туристік-өлкетану бағытында көптеген шаралар оздырылды. Балалар мен жасөспірімдерді азаматтылық пен отансүйгіштікке тәрбиелеу; балаларды туған өлкенің тарихи, мәдени және рухани мұрасына, кіші Отанын зерттеуге тарту; зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытқан қабілетті және дарынды оқушыларды анықтау мақсатында өткен «Туған жер кереметі» атты іздестіру-зерттеу (сырттай) байқауына аудан мектептері белсене қатысты. Білім қызметкерлері мен оқушылар арасында спорттық бағдарлауға арналған жарыстар жиі оздырылып тұрады. Аудан мектептерінде «Таза ауыл», «Турист, өз ағашыңды отырғыз!», «Орал өңірінің жасыл желкені» атты экологиялық акциялар өтуде. «Құстарды қоректендірейік!» экологиялық науқанын орталық педагогтары мен оқушылары қызу қолдап, «Экология және денсаулық», «Турист-эколог»

үйірмелерінің оқушылары мен жетекшілері бірге өз қолдарымен әр түрлі үлгідегі жемшашар, ұялар жасап, мектеп маңындағы, көше бойындағы ағаштарға орнатты. Республикалық «Гитара ғажайыптары-2023» гитара сүйемелдеуімен орындаған әндер байқауында Г.Биғали 2 мәрте 1 орынға ие болса, «Элита», «Арна» ансамбльдері де жүлделі 2 орынды қанжығасына байлады. Облыстық «Шырқаған жастық шақ 2024» бард әндерін орындаушылардың фестивалінде «Бард әндер» үйірмесінің тәрбиеленушілері белсене қатысып, жүлделі орындарды тағы да иеленді. Атап айтсақ, Мұрадым Нұрғали 12 жасқа дейін «Гитарамен ән орындау» номинациясы бойынша 3 орын, «Автор» номинациясы бойынша 2 орын, 13-15 жас ерекшелік бойынша «Автор» номинациясы бойынша Фатима Жумабек 3 орын, 16-18 жас ерекшелік бойынша Гүлім Биғали «Бардтық әндерді орындаушы» 1 орынға ие болды. Ансамбльдер бойынша «Элита» 2 орын, «Арна» 2 орын, «Айналайын» ансамблі 3 орынға ие болды.



БҚО мәдениет тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының ұйымдастыруымен оздырылған «Балдәурен» фестивалінде вокалды-аспапты ансамбль «Альтаир» 2 орынға қол жеткізді. Жетекшісі М.Куаналиева.

Облыстық «Ақшақар 2024» шаңғы туризм техникасы жарысында оқушылар арасында 3 орын, Облыстық «Батыс-Азимут 2023», В.П.Фоминді еске алуға арналған облыстық «Алтын дала» туриадасында 3 орын, Т.Жездібаевты еске алуға арналған тау туризмі техникасынан 1 орын, Облыстық «Батыс Бердинг 2024» чемпионаты 2 орын, М.Жұмаев жүлдесі үшін тау туризмі техникасынан облыстық ашық жарысы 3 орын, «Қарлығаш - 2024» 2 орын, Велосипед туризмі техникасы бойынша «Күміс шабақ - 2024» жарысында 2 орын, Облыстық «Көктемгі бағдарлау-2024» спорттық бағдарлау жарысында Есетова Нәлли «Ұзақ қашықтығы» бойынша 14 жас аралығында 3 орынға ие болды.

Сонымен қатар Халықаралық туризм күніне арналған білім қызметкерлері арасында оздырылған «Еуропа-Азия» республикалық туристік фестивалінде ұстаздарымыз жақсы нәтиже көрсетіп, 1 орын, Білім қызметкерлері арасында жаяу туризм техникасы бойынша облыстық туристік слеттен де 1 орыннан көрінді. Осындай жарыстарға саңлақтарды дайындаған М.Куаналиева, Е.Нигметов, С.Тастенов, М.Хамиев, Ж.Мухтарова сияқты ұстаздарды мақтанышпен атап өтуге болады.

Республикалық «Соқпақ-Тропинка» ғылыми-әдістемелік журналына педагогтарымыз жазылып қана қоймай, туристік жаңалықтар мен

ізденістерін, үздік сабақ жоспарларын жариялап отырады. Атап айтсақ, 2023 жылдың №1 санында орталықтың ҚББП-і М.Хамиевтің «Параллельді өткелдер» тақырыбындағы іс-тәжірибесі, 2024 жылдың №2 санында ҚББП-і Ж.Мухтарованың іс-тәжірибесі жарияланды.

Бірнеше жылдан бері туристік-өлкетанулық, экологиялық қызметінің рейтингісі бойынша үздік бестіктің қатарындамыз.

Орталықтың білікті педагогтары А.Есекеев, М.Куаналиева, С.Тастенов педагогикалық қызметкерлерге, жас мамандарға аттестаттауға дайындық кезеңінде, әдістемелік сүйемелдеу және практикалық көмек көрсетуде, біліктіліктерін арттыруда әдістемелік көмек көрсетеді. Орталықтың туризм бөлімінің меңгерушісі С.Тастеновтың «Турист – із кесуші» туристік-өлкетану үйірмесінің авторлық бағдарламасы 2022 жылы Жәнібек аудандық оқу-әдістемелік кабинетінің сараптама кеңесінде қаралып, бекітілді.

Ұсынылған бағдарлама білім беру ұйымдарындағы оқу үдерісінде туристік-өлкетану материалын жүйелі басқарудың оңтайлы нұсқаларын іздеудің авторлық ізденістерінің нәтижесі болып табылады.

Қазіргі таңда балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығын білікті де, білімді басшы Есекеев Асқар Есболұлы басшылық етеді.

Жемісті жетістіктердің жалауын желбіреткен туризм орталығының жұмысы қанатын кеңге жайып, жаңарған үстіне жаңара берсін. Ылғи жеңіс тұғырынан көрініп, жұлдызымыз жарқырай берсін демекпін.





САРТАЙ БАТЫР



БЕКТҮРҒАНОВ
Алпамыс
Қазақстан жазушылар
одағының мүшесі,
Орал к., БҚО

Аңдатпа

Мақала Ұлытаудағы қазақ-жоңғар шайқасында ерен ерлігімен көзге түсіп, аты аңызға айналған даңқты батыр, әрі дана би Сартай Байжанұлы туралы жазылған. Жас толқынды батыр бабаларымыздың өр рухына тағзым етіп, ұрпақтар сабақтастығын сақтауға бағытталған мақала өлкетанушылар мен ЖОО-ның ұстаздарына, педагогтерге пайдалануға бағытталған.

Аннотация

В статье рассказывается о легендарном славном батыре, мудром бие Сартае Байжановиче, прославившемся своим героическим подвигом в казахско-джунгарском сражении в Улытау. Статья, направленная на сохранение преемственности поколений, отдавая дань уважения духу наших предков-героев, направлена на использование краеведами, учителями вузов, педагогами.

Кілт сөздері: Сартай Байжанұлы, батыр, ұрпақ, ата-баба, кесене.

Оңталап Мынды-Қазіұлы еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы жылдары қазақ тілінің мәртебесін көтеруге белсене араласып, Орал қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы ретінде біраз ауқымды істердің бастамашысы болған-ды. Туған еліне аса қажетті деген жұмыстардың бел ортасында жүріп, қарапайым жұртшылықпен емен-жарқын араласуының арқасында Оңталап Мынды-Қазіұлы қысқа ғұмырында атан жілікті азаматтар атқарар жүкті арқалап өткені аян. Түп нағашысы болып келетін Сартай батырмен қоса Сырым батыр есімін де қалың бұқара алдында, әсіресе жастардың ортасында қайран ердің қилы-қилы қияметке толы, бастарын қауіп-қатерге тігіп жүріп өткерген жолын кеңінен насихаттаудан да жалықпаушы еді. Балалары мен немерелерінің зердесінде мәңгілік қалсын деген ниетпен Алпамыс, Қобыланды, Қарасай-Қазі сияқты батырлар жырын ұрпағының зердесіне домбыраның перне үніне қосыла айтқан жырларымен сіңіре білген еді...

Бектұрған бабаның Оңталап дүниеге келерде тілеген асыл арманын, ұрпақтары шын мәнінде өз өмірлерінде жүзеге асырып келе жатырғандары сөзсіз. Оны Бауыржан шөбересінің еңбек жолынан айқын аңғаруға болады. Мұнайшылық кәсіпті Ақжайық өңірінде Қарашығанақ кенішіндегі шетелдік компаниялардың бірінде қарапайым жұмысшыдан бастаған Бауыржан, өндіріс басшысының орынбасарлығына дейінгі лауазымдық қызметтерді де үлкен беделмен атқара білді. Шетелдік мамандармен иықтаса



Кәсіпкер
Бауыржан Оңталапұлы
Бектұрғанов

еңбек ете жүріп, солардың тілін де жетік меңгеріп алуға бар күш-жігерін салған. Соның арқасында қазақ, орыс тілінен бөлек, ағылшын, италян, парсы, түрік тілдерінде еркін сөйлеп, білім дәрежесін түбегейлі жеткізуге мүмкіндігі бар маман көп кешікпей жоғары жақтағы басшылардың назарына ілігеді. Сөйтіп, Бауыржан Оңталапұлы Қазақстан мұнайының орталығы саналатын Атырау облысында мұнай саласына лауазымды қызметке тағайындалады...

Сырт көзге күнделікті бір текті болып көрінетін қызметтің барысында сырт көзге байқала бермейтін мәселелер де кездесіп қалатын. Сондай түйіннің тығырығын тарқатамын деп, шаршаңқырап демаламын деп келген ол ұйықтап кетіп түс көреді. Кәдімгідей көз алдында аптал атқа қонған, нар кеуделі, дулығасын сүйреткен Сырым Батыр түсіне еніп: «Әй, балам, сенің әкен Оңталап, менің азды-көпті жүріп өткен жолымның қыр-сырын зілмауыр заманда жаһаннамға жар салып қаймықпай айтып жүруші еді. Қолыңнан іс келетін ойлы жігіттің бірі болғандықтан, саған айтар уәжім бар... Әкеңнің туған топырағында менімен қан майданда қаптаған жау өтінде иық тіресе ерлік көрсеткен жан досым, серіктесім болған, анаңнан қуғанда саған түп нағашың, Сартай Батырдың қараусыз қалған мазары маза бермей алдыға келіп тұрған жайым бар. Сол кесенені тауып, жөнге келтіргейсің!?» -деп, аян беріп ғайып болады...

Әулиенің тапсырмасын ешкімге сыр берместен орындау үшін, кезектен тыс еңбек демалысын алып жолға шығады. Әкесінің кіндік қаны тамған Қызылорда облысының Арал ауданы маңында жерленген киелі топырақтағы зират-қорымдардың бірін қалдырмай аралап шығады. Көне көз қариялардың осы қалайының бәрінен сұрастырады. Көрдім-білдім жан баласы болсашы... Сонан соң аттың басын Қазалы аумағына бұрады. Бұл аралықтағы мазар-ескерткіштерді



де түгелдей мұқият айналып өтіп, ақсақал-қарасақалдарға құлаққағыс жасайды. Бірер адам: «Бәленшекең біліп қалар...» - деп жол сілтейді. Сұрастырып жүріп Сартай Батыр мазарының шырақшысы Атымтай ақсақалды жолықтырып, аудан орталығынан жүз шақырымдай қашықтықта жатқан бейіт басына жол тартады. Адам аяғы түгілі мал тұяғы баспаған құмдауыт айдын далада жапсарлас орналасқан үш зират жатқан қорымның шеткі төмпешігін нұсқаған шырақшы: «Іздеген Сартай бабаларыңыздың жатқан жері осы...» - деп құран бағышталып, тағзым етіледі...

Туған жерім Ақжайық өңірі. Сырым батырдың топырағында менің дүниеге келуім де, әкем

Білгенге маржан...

Сартай – батыр. Сартай Байжанұлы (1711-1817 ж.ж.) – Кіші жүздің Шекті руының ішіндегі ең ірі, тарихи тұлға. Ол «Шұбаркөл», «Қалмаққырған», «Аңырақай» шайқастарына қатысқан. Арғы атасы: Жаманақ (Шекті) – Шыңғыс (Шымбай, Шынбай)

– Жақайым - Қорасан (Асан Қайғы, Ақбура) - Үлкен Асан - Кіші Асан – Қосқұлақ (би, елші) - Байжан (би) - Сартай (батыр, би). (Орынбек ақсақал мен З.Шүкіров деректері бойынша). Нағашысы Тама руынан шыққан. Әкесі Байжан би Сартайды ел мүддесі шешілетін



жиындардан қалдырмай қасына алып жүретін болған. Сартайдың бала кезінен-ақ үлкенмен де, кішімен де тез тіл табысатын, көпті өзіне үйіре білетін қасиеттері ерте танылған. Жаз жайлауы Ойыл, Жем, Ор, Ембі, Сағыз, Ырғыз өзендерінің бойындағы қалың Шекті елін, нағашы жұрты Табын-Тама елін аралап, жастайынан ел ағаларымен жүздесіп, үлкен ғибрат алған. Сартай жастайынан ат жаратып, садақ тартып, аң аулауға құмар болған. Оны 4 жасынан діни оқуға беріп, сауатын аштырған, жеті жасқа келгенде немере інісі Бүкірек (Бұрқыт) батырға тапсырып, соғыс өнеріне баулытады. Байжан би баласының

бетін қақпай, айтулы билерге (Әбілқайыр хан, Әйтеке би, Төле би, Қазыбек биге), батырларға, ел ағаларына сынатып, батасын алып береді. (186, 198)

Сартай батыр бастаған

Кіші жүзден мың бала.

Аттанды ұлы жорыққа

Қамшысы бар білеулі

Найзасы бар егеулі

Саржасы бар кезеулі...

Қасиетті Ұлытау жерінде Бұланты-Білеуті өзендерінің аралығында кең жазықта қазақ халқының тағдыры шешілген шайқас болғаны анық. Қазақ халқының тарихында 1723-1727 жылдар аралығын қамтыған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталатын қайғылы оқиғадан кейін Үш жүздің ру-тайпалары бас қосып, алқалы кеңес өткізген жер Оңтүстік Қазақстандағы Ордабасы болды. 1726 жылы мамырда үш жүз бірігу керектігін шешкен Қазыбек би үш жүздің жақсы мен жайсаңдары «Ордабасыға жиналсын» деп шешім қабылдайды. Осы арада бірлікпен аттанған қазақ жасақтары Әбілқайыр ханды бас қолбасшылыққа сайлаған. Қазақ жауынгерлері алғашқы жеңіске 1726 жылы Шұбартеңіз маңында қол жеткізді. Одан кейін мықты қаруланған жоңғар әскеріне қарсы Ұлытау мен Сарыарқаны қорғау мақсатында 1727 жылы Бұланты мен Білеуті өзендерінің арасында «Қарасүйір», «Қалмаққырылған» деген жерде жан алып, жан беріскен шайқастар (Қазақтан 44 мың, жоңғардан 40 мың әскер шыққан) өткен. Осы негізгі шайқаста Кіші жүз сардарларының қатарында 1000 баланы бастап барып, үлкен ерлік көрсетіп, жауды жеңуге үлес қосқан Сартай батыр да болған. Сартай соғысқа аттанарда 15 жаста болған. Осы ұрыста «мың баланың» жартысынан жуығы «Айран төгілген-қалмақ қырылған»



жерінде жандарын пида етеді. Мың баланың сапында Сартай, Жылқайдар, Жылқаман, Төркінбай, Тойқожа, Арғынбай, Ашабай, Елемес, Аман, Аязан, Мыңбай, Саурық, Байрақ, Қайрақ, Тайлақ (Бекежан батырдың балалары), Жарас жоңғарлармен соғыстан кейін елге айтулы батырлар боп оралған.

Сартай – қолбасшы. Ол соғыс тәсілін терең меңгерген, қысылтаяңда қиыннан жол тауып, сарбаздарын жеңіске бастай білген алғыр қолбасшы. Батыр жаумен бетпе-бет келгенде, ештеңе тайсақтамай, өзінен анағұрлым күшті жоңғар батырына қарсы жекпе-жекке шығып, өзіне жақындаппастан, тамағына сүзгі қадап, ат сауырынан аударуы, Сартайдың айлакер, әдіске шеберлігін көрсетеді. Бұл - оның тәлімгері айтулы батыр Бүкірек батыр Мәделұлының (бір атқанда садағына «сегіз сүйем (бас бармақ пен шынашықтың арасы) оқты тартып, нысанаға дәл тигізетін) еңбегінің нәтижесі. Оның тағы бір ерекше қасиеті – көпті айтқанына ұйытып, ізіне еріте білуінде. Жаудың санын қақ ортасынан бөлу Сартай тобының еш соғыста кездеспеген жаңа әдісі еді. Мұндай зеңбірекке қарсы шапқан 12-16 жастағы жастардан құрылған жасақ еш жерде болмаған.

Сартай – абыз би. Ол жас кезінен-ақ билікке араласып, би атанған. А.И. Тевкелев «Қызметтік жазба күнделігіндегі» деректерді келтіруге болады. Орыс елісінен Байгара батырдың құнын өндіргені, оларға табанды талап қойып орындатқаны жазылып жүр. Сондай-ақ Сартайдың билік еткені туралы Қазақ ССР тарихының материалдарымен танысып, көз жеткізуге болады. Мысалы, 1785 жылдың 21 шілдесінде Екатерина II патшайымға Нұралы ханды тақтан түсіру жөнінде жазған өтініші дәлел бола алады. «Сартай би кісі ақысын жемейтін, сөз бұйдаға салмай, не айтса да әділ сөз тауып, ұтымды кесімін



бір-ақ айтатын шешен болған. Алдау-арбау, қулық-сұмдықтан аулақ әділдікті, туралықты жақтаған. Хансың ба, қарасың ба, кемшілігін бетке айтып, әрқашан әділдікті талап еткен» деген Сартай туралы көп мәлімет жинаған Орымбет ақсақал. (191)

Сартай – көріпкел, әулие. Сондықтан кімде кім оның наласынан қорқып, аяқтарын аңдап басса керек. Бұл жөнінде халық арасында аңыз боп тараған көптеген әңгімелер бар. Сартай баба ораза-намазын тастамайтын, тақуа адам болған. Жастайынан кескілескен ұрысқа қатысып, шейіт болған жорықтастарын өз қолымен жерлеп, жаназасын шығарған. Оның көріпкелдігіне әйгілі Мөңке бидің «Жаназамды Жақайым Сартай батыр шығарсын» деуінен тақуалығын, оның бұл жаназаға еш хабарсыз сол сәтте баруы дәлел.

Сартай туралы зерттеулер. Батыр туралы А.И. Левшиннің «Описание киргиз-кайсацких орд и степей», А.И. Тевкелев «Қызметтік жазба күнделігі», М.П. Вяткиннің «Сырым батыр» кітаптарында, Нұрмағамбет Қосжанұлы «Сартай батыр» дастанында, Ж. Кенесов «Сартай батыр және XVIII ғасырдың басындағы қазақ-жоңғар соғыстарындағы «Мың бала жорығы», монографиясы, Мұхамедрахым Қыдырбайұлы «Сартай Байжанұлының ғұмырнамасы мен қаһармандық дәстүрлері жөніндегі зерттеулер мен тарихи деректер» монографиясынан оқуға болады.

Сартай батырға арналған ескерткіштер. «Сартай» портреті (1856 ж. Ш.Уалиханов), батырдың өзі туып-өскен және қайтыс болып, сүйегі жуылған жері Ақшатауда ескерткіш там (1978 ж. Нұрұлы Ердеш) қойылған, зираты Қазалы ауданы Басықара су бөгетінен 45 км жерде Қызылқұмның басталар тұсындағы «Бабалар қорымында», оған сырықты айшығымен темір тақта қойылған (Айна қожа), батыр зиратының сыртына салынған төрт құлақты мазар (2011 ж. Ердешұлы Қарасай), «Бұланты-1727» ескерткіші-кешені (2015 ж. Ұлытау), халық тілек тілейтін тілеухана (2018 ж. Байжан руы), Бұланты жерінде ескерткіш тас (2020 ж.), заманауи «Сартай батыр» кесенесі қайта салынды (2022 ж. Б.Бектұрғанов), «Сартай батыр - Мың бала» ескерткіш белгісі (2023 ж. Ақтөбе., Ә.Байменов, А. Қожаниязов) орнатылды. «Сартай батыр - Мың бала» қоғамдық қоры құрылды (директоры Жақсылық Өрекешов), «Жаужүрек мың бала» көркем драмалық фильмі (2012 ж. реж. А.Сатаев) түсірілді. Ақтөбе

қаласындағы бұрынғы Центральный көшесі «Сартай батыр» көшесі» деп аталды (2023 ж.).

Тарихи орындарға төмендегідей маршрутпен баруға болады: «Жезқазған – Сәтбаев – Жезді – Қарсақбай – Қалмаққырылған (Батырлар қорымы) - Білеуті-Бұланты аралығы («Бұланты-1727» ескерткіші, Батырлар қорымы) – Байқоңыр (Үйтас

ескерткіші) – Хантөбе (Хан кеңесі өткен) мен Қарсақбай – Жезді – Есқұла – Жаманкерегетас – Сәтбаев - Жезқазған». Жалпы ұзақтығы 700 шақырымдай.

Р.С. деректер Г.Т. Аймаханованың «Сартай батыр – жаужүрек мың бала» жинағынан алынды. Ақтөбе: Хабар-Сервис, 2023 ж.-448 б.

Оңталап пен анам Күләштің сол жерді мәңгілік мекен етулерінде де бір жұмбақ құпия сыр жатса керек-ті. Сырым батырмен үзеңгілес шайқасқан Сартай бабамыздың есімін әкемнің аузынан балалық шағымда жиі-жиі домбырамен жырға қосып айтқанынан құлағдар болғаныммен, өз өмірімде осындай ұлы жолға шығамын деп ойлағаным жоқ еді. Осы дүбірлі сапарға түрткі болған әулетіміздің үлкені Бөлекбай ағам болатын. Бәлкім, тағдырдың жазуы шығар, Игілікті істің ерте-кеші жоқ дегендей, әулиенің базынасы маған түскен соң, барымды салғаным рас.

Ертеңгі Сартай Батырға берілетін үлкен астың алдында өз ата-бабаларының рухына тағзым еткізуім, әр саққа тартқан ағайындарды бірлікке шақырудың бір шарасы болатын. Бауыржан дйттеген астарлы ойының кәдеге жарағанына риза. Жас жігіттің атына айтылған арқа-жарқа тілектер мен ақ баталар бір арнаға тоғысып, жиналған қауым ортақ мәмлеге келгендей жарқын жүзбен тарасқан еді...

Қазалыдан тізбектеліп шыққан автобустар мен жеңіл көліктер легі ырдуан көш құрап, маң далада арттарында әудем жерге созылған құмды борасынды қалдырып, бірін-бірі қуалай жүйткіп барады. Елді мекеннен жүз шақырым қашықтықтағы қорымды бетке алып, үш мазардың - Жалаңтөс баһадүрдің немересі әрі батыр, әрі би болған Дәулет бақсы мен үш жүздің билері пір тұтқан атақты Софы би атанған Мүсірәлі Жәдікұлының бел баласы Қосым қожаның бейіті жаңартылып тілеухана жасақталған жерге жақындай бере, солардың жанындағы көрнекілеу қызыл кірпіштен салынған еңселі кесененің жанына рет-ретімен жайғасып, тоқтаған машиналардан шашыла шыққан жолаушылар, бабалар басына тәу етуге асыққандай адымдап барады. Мазарға жақындаған сайын, Сартай батыр алыс сапардан пәнидегі жұлдызды күндерін бірге өткізген

ержүрек Дәулет бақсы мен атағы үш жүзге мәлім болған Қосым қожаны сағынып оралғандай тіршілік нышаны сезілетін сияқты. Кесене маңында жер астынан бұр-бұрқ етіп атқылаған мөлдір су, ат шаптырым алаңға төселген түкті кілемдердің айналасын қаумалаған халықтың арғы жағындағы төңіректе жасақталып, қаз-қатар тізілген киіз үйлердің ішінде де әулиені ұлықтауға арналған ызы-қызы қауырт жұмыстар жүріп жатқаны байқалады. Алыс-жақыннан келгені бар алаңды дөңгелене қоршаған адамның қарасы бес жүзден асатын сияқты. Тыныштық сақтаған жамағат ортаға көш басшылары өткен соң, салтанатты рәсімнің басталуын қошеметпен қол соғып қарсы алған...

- Біз бүгін ықылым заманнан тарихта өз атын алтын әріппен жаздырып қалдырған қол бастаған қолбасшы, би һәм батыр болған Сартай бабамызбен, жаңа заман рухында қайта табысқалы жасалып жатқан ұлы шараға куәгер болып қатысып отырған жайымыз бар. Мынадай көрнекті кесененің көрініс табуына ешкімнің көмегінсіз өз қаражатымен, пайым парасатымен, ұлағаттық істің кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық өнегенің азаматтық болмысын көрсетіп, дара жол салып берген батыс өңіріне белгілі кәсіпкер Бауыржан Оңталапұлына Сіздердің аттарыңыздан үлкен алғысымызды білдіргім келеді, - деп, алқалы жиынды ашқан Қазалы аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпановтың лебізінен кейін, қаумалаған халайық кәсіпкер жас жігітке деген ілтипатын ұзақ қол соғумен қуаттай түскен...

- Орекеннің айтуы орынды. Ол мынау жақсылыққа жиналған жамағаттың көкейіндегі ризашылық сезім екені шындық, - деп әңгіме тиегін ағытқан, республикалық «Жалаңтөс батыр баһадүр» қорының директоры, Қазалы және Арал аудандарына басшылық жасап зейнетке

шыққан қоғам белсендісі Нәжімедін Мұсабаев, - Байжан бидің баласы Сартай бабамыз бас қолбасшы, ержүрек батыр һәм киелі адам болған. Осының бәрі өлкетанушы-ғалымдар мен атақты тарихшылардың тарихи зерттеу еңбектерінде көрініс тапқаны белгілі. Мен де өзімнің атымнан және жетекшілік ететін республикалық қордың атынан, басып жемей шашып жейтін, үлкен еңбек жасап түп нағашысының төбесіне мынадай зәулім мазар оранатқан, кәсіпкер Бауыржан балама шын жүрегімнен алғыс сезімді білдіре отырып:

Қырық жыл бойы хан болған,

Самарқанды салдырған.

Жалаңтөс батыр баһадүр

Алаштың бағын жандырған, - деген теңеу тегінен-тегін айтылмаса керек-ті. Осы жерде жатқан үш арыстың қорымы, келешекте әрбір алаш азаматтары әдейі ат терлетіп іздеп келіп, зиярат ететін мекенге айналатынына сенемін. Осындай ауқымды шаруаны атқарған кәсіпкер жас жігіт, Арал ауданын басқарған кезімде қарапайым қызметтен бөлім меңгерушісі, аппарат жетекшісі, аудан әкімінің орынбасары болып, иықтаса он жыл жұмыс істеген шәкіртім, бүгінгі

күні Қазалы ауданының әкімі лауазымындағы Мұқтар Әуезұлына абырой әперумен бірге, үлкен жауапкершілік жүктейтін іс әкелгені де анық. Мал тұрақтамайтын маң далаға Бауыржан бауырым бұрқыратқан бұлақтың айналасына, аң, құстармен қатар, араға жылдар салып, қалың ел қонатынына да кепілдік беруге бармын. Су - тіршілік көзі болса, осы аймақта бір кездері қайнаған орта, жайнаған мекен болады деп есептеймін. Бірақ, оны келешектің еншісіне қалдыралық, - деп, түйіндеген Нәжімедін мырзаның астарлы сөзі жиналған халықты бір серпілтіп тастағандай, алақандарын аямай шапалақтап қолдау көрсеткен...

Ақтөбе облысынан келген ағайындардың атынан сөз алған, «Сартай батыр, мың бала» қорының директоры Жақсылық Өрекешев:

- Бауыржан Оңталапұлының атына айтылып жатқан ізгі тілек, ризашылық ниеттеріңізге қосыла отырып, «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, біздің де өз тарапымыздан Сіздерге жеткізер жаңалықтарымыз бар, - деп, алаңды қоршай жиналған халықтың назарын өзіне аударғандай сәл үзіліс жасап,-

“Бұланты” шайқасы 1726 жылы



Ақтөбе қаласында да Сартай батырды ұлықтауға арналған біраз шаралар жасалып жатқанын атап өткім келеді. Біріншіден, осыдан төрт-бес жыл бұрын шалқарлық заң қызметкері Айбек Айтбаевтың бастамасымен батыр атына көше беру мәселесі көтерілген еді. Асыл азамат қайтыс болып кеткен соң, бұл істі көп болып қолға алып, «Сартай баба, мың бала» қоғамдық қорын құрдық. Бабамыздың ат үстіндегі алып келбеті мүсінделген ескерткішін жасақтау жұмысы қызу басталғанын, осындай алқалы жиында хабарлауды жөн санап отырмын. Оның да өзіндік мәні бар-ды. Осы шаруаның жедел қарқын алуына қолдау көрсетіп, «Сартай батыр, мың бала» қорына қомақты қаржы аударған Бауыржан бауырымның азаматтық жанашырлығын айтып өткім келеді. Алдағы жылдың қоңыр күзінде, баба мүсіні «Сартай батыр» даңғылында бой көтеретін ұлы тойға шақыратын боламыз. Оған қоса, Бауыржан Оңталапұлының демеушілігімен, Сартай батыр туралы естелік кітап, тойға тарту ретінде жарық көрмек. - Осы бір сәт, жүздеріндегі қуаныш сезімін көрсете дүрліге қол шалақтаған халық, дабырасыз игілікті істердің бастауында қамқоршы-жанашыр болып қаржылай көмек жасап келе жатқан кәсіпкердің, қарапайым адами қызметіне ризашылықтарын білдіре біразға дейін толқын-күшке ерік берген еді...

Сартай батырдың қауырт шаруасымен жүрсе де, әулеттің үлкені Бөлекбай ағасына сәлем бере барған Бауыржанға: «Менің бір ауыз сөзіме байланысты, сен өте үлкен істі қолға алдың, айналайын! Қазір бүкіл елдің әңгімесі сенің айналанда. Алла абырой берсін!.. – Сәл үнсіздіктен соң, Мынадай үлкен іспен қатар, қасиетті Түркістан өңіріндегі Созақ қаласында бой көтермекші Қарабура әулиенің кесенесіне де қол ұшыңды бергеніңді естіген жұрт мақтанышпен айтып жатыр... Оралдан телефон шалған бір азамат, Дәдем Ата әулиенің мазар мұнарасын жасақтап бергеніңді қуана хабарлаған. Елгезек ерек туған Оңталап әкеңнің жолын қуған екенсің, қадамыңа нұр жаусын, балам! Дәл осындай батаны Бектұрған бабаң Хан-Зада әжеңнің құрсағындағы Оңталапты көрмей-ақ сексен төрт жасында: «Үш қыздан кейінгі немерем ұл болады. Оны маған Алла тағала көруді жазбаған сияқты. Атын Оңталап қоярсыңдар?! Біз көрген

азапты ұрпағыма бермесін. Талаптарына нұр жаусын!» -деп, айтып кеткен болатын. – Тағы да сәл үзіліс жасап, - Ауыл арасын аралап көрген шығарсың. Балалар ойнайтын алаң, үлкендер демалып әңгімелесетін ыңғайлы орын жоқ. Реті келіп жатса, осы жағына да көңіл бөлгеніңді қалар едім. Әкеңнің кіндік қаны тамған жер ғой! Ата-бабамыздың мәңгілік мекеніне көз қырыңды сала жүргейсің, айнама?! Бұны менің соңғы өтінішім деп қабылдағын. Біздің әулетте тоқсанды тақымдаған мен екенмін...» - деген ақсақалдың сөзін марқұм ағаның туған топыраққа перзенттік тапсырмасы деп қабылдаған. Араға уақыт салмай-ақ, Арал ауданының әкімі Серік Сермағамбетовке жолығып, ата-баба қорымы жанынан екі гектар жер телімін сатып алған еді. Дәл сол жерде, ішінде үлкендер шәй ішіп арқа-жарқа әңгіме соғатын арнайы орын, балаларға ойын, жастарға спорт алаңдары жасақталып, оның жанында Бектұрған баба мешітін салу жоспарланып, нақты жұмысқа кірісіп те кеткен болатын. Іс-шаралар белгіленген тәртіп бойынша жүріп жатқаны анық. Саябаққа неше түрлі гүл шоқтары егіліп, құлпыра жапырақ жаяр талдар отырғызылып жасыл желекке айналдыру үшін, міндетті түрде жеке су көзі керек екені анық. Осы мәселер бойынша ауыл, аудан әкімдерімен тікелей жұмыс жасау жауапкершілігі, Бөлекбай ағаның немересі Ақылбек Шүкірұлына жүктелген еді. Өз ісіне мығым, тындырымды жас жігіт, жақын арада Қызылордадан арнайы келіп ұнғы салған гидрогеологтардың үш жүз метр тереңдіктен бұлақ суы атқылағанына байланысты салтанатты рәсімге арнап қой сойып, ауыл ақсақалдарының батасын алғаны туралы сүйінші хабарды жеткізген болатын...

Адамның жанынан табылатын негізгі асыл қасиеттер, кіндік қаның тамған топырақтың табиғи жаратылысынан нәр алса керек. Атына сай, сүресі тығыз, бұтағы қатты арамен кесілмейтін, балтаға берілмейтін ақ сексеуіл тамыр жайған өңірде дүниеге келген Оңталаптың бойына біткен мәрттік мінездің Бауыржанға берілгені анық. Жорытқанда жолың, Қыдыр Ата жолдасың болсын, Бауыржан! Әулие-әмбиелерге жасап жатқан игілікті істерің әулетіңе, жанұяңа, балаларыңа бақ-береке, ырыс-ынтымақ әкелсін демекпін...



«Жерұйықтағы» жәдігерлер сыры



КАЗИЕВА

Улмекен Орынбасаровна
М. Өтемісов атд. ЖОББМ-нің
мұғалімі, педагог-модератор,
Ақжайық ауд., БҚО

Аңдатпа

Мақалада автор «Жерұйық» музейі арқылы өлкенің тарихын зерттеп, табылған жәдігерлер арқылы ауыл тарихын ашып жазған. Сонымен бірге ауыл тарихы туралы деректер мен музейдің ашылуына еңбегі сіңген музей жетекшісі Ж.Әбілпейісов туралы баяндаған.

Аннотация

Автор через работу музея «Жеруыйк», раскрыл историю села. Собранные экспонаты, документы, материалы музея свидетельствуют о богатой истории края. Большой вклад в становлении и открытие музея внес руководитель музея Ж. Абильпеисов

Кілт сөздері: Антоново форпосты, «Жерұйық» музейі ғимараты, музей жетекшісі Әбілпейісов Жәнібек Тастайбекұлы.

Біздің ауылдың бұрынғы атауы – Антоново (қазіргі аты Атамекен). Патша заманында салынған форпосттардың ішіндегі негізгілерінің бірі болған. Оған музейдегі

Орынбор мұрағатынан алынған бұйрықтардың көшірмелері дәлел. Ауылда жазалаушы атты әскер жасағы тұрған. Шарап жасау зауыты, кірпіш күйдіру зауыты, ұстахана және түрме



болған. Ауылда негізінен казак-орыс өкілдері тұрған.

Антонов аулындағы көне түрме. Бұл уақытша қамау изоляторы жартылай жер астында, күйген кірпіштен арка пішінді етіп өрілген. Арғы жағында орыс байы Роткенің үйі. 90-шы жылдары ел бұл құрылыстардың кірпішін бұзып алған. 1783 жылы желтоқсан айында Антонов форпостында Сырым батыр казак-орыстар қолына түскен. 1841 жылы Махамбет ақынды Калмыков түрмесінен Орал қаласына алып бара жатқанда осы ауылдың түрмесіне бір күн қондырып алып кеткен екен. 1855 жылы сәуірде шеркеш Тұрлан батырды Антонов түрмесінде казак-орыстар сабап өлтірген...

Музей ғимаратының астындағы арка пішінді жертөле сол заманнан қалған құрылыс болғандықтан, казак батырлары қамалған түрме дәл осындай болған деп көрсете аламыз.

Музей ғимараты (<https://youtu.be/JJyJfWiqIJk>). М. Өтемісов атындағы жалпы орта білім беретін мектептің «Жерұйық» тарихи-өлкетану музейі - сол ауылдағы ең көне, 100 жылдан аса тарихы бар қызыл кірпішті тас үйде орналасқан. Қазіргі музей орналасқан үй кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдарда балалар үйі болған. Одан беріде колхоздың сүт өнімдерін дайындайтын «Маслопром» қызметін атқарған. XX ғасырдың 70-ші жылдарында медпункт, кітапхана және почта бөлімшесі осы үйде халыққа қызмет көрсетті. Одан соң медпункт орналасқан екі бөлме ферманың конторы боп жұмыс істеді. Музей ғимараты 2020 жылы күрделі жөндеуден өтті. Ғимарат 3 бөлме, 1 дәліз және жертөледен тұрады. Музей 2014 жылдың 28 ақпанында ашылды. 2022 жылы қайтадан паспортталды.

Музейге кіре беріс бөлменің қарсы қабырғасына музейдің логотипі орнатылған. Бұл желмаяға мініп Жерұйықты іздеген Асанқайғының кескіні. Айналасына құт-берекелі мәңгі жасыл жайлауды бейнелеген жасыл шөп.

Дәлізге кірген кезде оң жақ қабырғада жартастағы аң таңбалары мен Орхон-Енисей таңбалы тасы. Оның үстінде Асанқайғының өсиет өлеңі жазылған. Онда былай делінген:

Еділ бол да, Жайық бол

Ешкіменен ұрыспа.

Жолдасыңа жау тисе,

Жаныңды аяп тұрыспа.

Дәліздің төрінде Кіші жүз ханы Әбілхайырдың «Жайық өзені кеуіп қалғанша, тіпті ақыр заман келгенше казак халқы бұл жерден айырылмайды. Өйткені мұндай жерді олар еш жерден таппай-



ды» деген орыс патшайымына айтқан әйгілі сөзі мен кеуде берельеф мүсіні адамға рух беріп тұрғандай!

Үйірме оқушылары Ақжол мен Жоламанның музей жанындағы үйірмеге қатысып, тоқыған казак батырының кіреуке сауыты. Олар сауытты тот баспайтын сымтемірден тоқыды. Сымның жуандығы - 1,2 мм, сақинаның салмағы - 0,3 гр. Сауыттың жалпы салмағы - 5 кг шамасын құрайды Сауытты тоқуға 17 мыңдай сым сақина қажет болды. Бұл жұмысты оқушылар оқу жылының басынан бастап жазғы демалыста аяқтаған. Суретте көріп тұрғанымыздай сауытты ірі денелі де, шағын денелі адам да кие алады.

Музейдегі жебесі 150 метрге дейін жететін нағыз соғыс садағын көрген жан таңдай қағады. Бұл садақты жасаған Атыраулық садақшы, шебер Мұрат Ғабдусалимов біздің ауылға арнайы келіп мұражайда мектеп оқушыларымен кездесу өткізген. Батысқазақстандық шебер Ерғали Бекешовтың қолынан шыққан казак батырының найзасы мен дулығасы да осы жерде. Осы жәдігерлердің бәрі көрген адамды бей-жай қалдырмай, тарих тұңғығындағы, бабалардан қалған асыл қасиеттерді танытып, таңқалдырады. Оқушы бойына рух пен мақтаныш сезімін сыйлайды.

Бұл картада Ақжайық ауданындағы барлық

ауыл округтері көрсетілген. Музей жетекшісі жүргізген өлкетану экспедициялары нәтижесінде жасақталған карта. QR-кодтарымен берілген.

Білгенге маржан...

Білгенге маржан: «Жерұйық» музейінің қызметі арқылы Ақжайық ауданында өмір сүрген айтулы тұлғалар (24 әулие, 4 қыз әулие, 3 шейх, 6 қазырет, қалпе, молда, 1 хан, 6 би, 30 батыр, 2 күйші, 3 ақын, 3 палуан, 2 айтулы тұлғалар) мен 102 нысанның (30 мазар, 3 ескерткіш, 13 емдік және киелі орындар, 16 бес қару таңбалы құлпытас) тарихы жинақталып, зерттеліп, экспедициялар жасалды.

тив-вагон депосының, 1913 жылғы желдеткіш депосының, 1937 жылғы вагон депосының үлгілері бар. Илецк темір жол учаскесінде өткен ғасырдың 50-жылдарына дейін жұмыс істеген ескі үлгідегі 20 дабыл қондырғысы, жұмыс істейтін прожекторлық бағдаршам көненің көзіндей сақтаулы. Сол секілді жол шамы, ұстаханада қолдан жасалған балдақтар, бұрын теміржолшыларға берілген белгілер де музейге қойылған. Музей қоры әрдайым толығып отырады.

Музей жетекшісінің бірнеше экскурсиясы, лекциясы бар. Мұндай тәжірибені мектеп музейлерінің жетекшілері де қолға алса құп болар еді. Музейде өтетін сабақтарды өзгертіп рөлдік ойындар арқылы қызықты өткізуге ондағы жәдігерлерді септігі тиері сөзсіз. Есіктен кіре паровоздың сол кездегі гудогі, ежелгі жар сағаты, билеттер, шамдар, телефондар, семофондар, поезд макеттері т.б. көптеген жәдігерлер қол астында... Мында мемлекеттік музейдегідей емес, жәдігерлерді ұстатады, рахат балаларға, кәдімгі теміржолшыдай сезінеді өздерін!

Ал, теміржолдың тарихын музей жетекшісі Михаил Надточий тамсана жеткізеді: «Биыл 130 жыл толып отырған Қазақстан аумағында алғашқы теміржолдың табаны 25 қазан 1894 жылы тартылып Ресейдің Покровский Слобода (қаз. Энгельс қ.) қаласынан Еділдің оң жағасында орналасқан






Орал қаласына дейін жалпы ұзындығы 396 верст (424 шақырым, оның 113 шақырымы Қазақстаннан өтті) болды. Бұл тар табанды (1000 мм) теміржол желісі Мәскеу-Рязань-Саратов теміржолының жалғасы, «Рязано-Уральск» теміржолы деп аталды. Өзінің сауда қатынастарында Орал теміржол өткізілгенге дейін Самара, Бузулук және Балаково қалаларымен байланысты болды. Негізгі тракт Самара болды. Бұл тракт бойынша Орал қаласына әкелінетін барлық заттар, сондай-ақ көптеген жергілікті шикі заттар - бидай, балық, тері, май, жүн, мия тамыры және т.б. жөнелтілді.

Ауа-райы жақсы болған кезде жүктер бір қаладан екінші қалаға 4 күн дегенде жеткізілді: ал ауа-райының қолайсыздығында, жол нашарлаған кезде вагон пойызы 2 аптаға дейін жолда жүретін, «қалаға жету үшін жолда кейбір жүктерді тастау керек еді» («Рязанско-Уральская ЖД и ея район» кітабынан - 1913 ж., стилі сақталды.) Қазақстаннан темір жолдар арқылы ауыл шаруашылық шикізаттары тасылды. Қазақстанның оңтүстік аймақтарынан мақта, жеміс-жидектер жөнелтілсе, елімізге егіншілікке қажетті машиналар мен еңбек құралдары жеткізілді. Сондай-ақ, көп мөлшерде ағаш бөренелер, құрылыс материалдары, мануфактура өнімдері, қант және шай әкелінді.

Орал өнеркәсібі жүнге, балыққа, көбінесе Мәскеуге, Санкт-Петербургке, Тамбовқа, Тулаға, Бүркіт пен Покровская слободаға айналымын арттырған кезде Орал қаласында 6 сауда мекемесі ашылды. Мұнай, өндіріс, керосин, шай, ауылшаруашылық машиналары, металл бұйымдары әкелінді. Рязань-Орал темір жол қоғамы 1897 жылы Орал станциясынан Кунгурға дейін Үстүрт арқылы керуен қозғалысын ұйымдастырды, басқарушы К.Каненберг болды. Мұның бәрі қала тұрғындары мен Орал уезінің байырғы тұрғындарының (қазақтар 410 893) өмірін жақсартты.

Жүк айналымының өсуімен байланысты кең табанды «Покровск-Уральск» желісі 1910 жылы басталып 1913 жылы аяқталған. Осындай тарихы бар теміржол 1935 жылы сол кездегі астана Ақмешітке (Қызылордаға) тартып, сонымен қатар Москва-Донбасс бағытында табаны тартылған.



Алғашқы теміржол вокзалы. Орал қ.


Құрылысқа 6000 адам (оның ішінде 2000-ы Бөрлі, Теректі, Шыңғырлау аудандарынан) жұмылған. Олардың ішінде 25 пайызы қазақтар болған, олар осы құрылыс біткесін құрылысшы, теміржолшы мамандығын тез меңгеріп алған. Құрылыс өзендер мен жыралардың үстіне 10 орташа және 88 кіші көпірлер, 6 бекет, 55 жол бойындағы жолдарға арналған тұрғын үй ғимараттары, 2 паровоз депосы, 2 электростанция, Жайық өзенінің үстінен 110 метрден үш және 88 метрден төрт ажурлы көпірлер мақтанышпен көтерілді. Бұлар әлі қолданыста.

Солардың бірі - Шаған өзені арқылы өтетін ежелгі көпір. Бұл құрылымның бірегейлігі - ол қолмен жасалғандығында. Ұзындығы 109,2 м екі ұлымен бірге шебер Котельников 1916 жылы аяқтаған. Горнада екі ұлымен бірге қазандықтардың шебері дайындамаларды қыздырған, содан кейін олардан бірнеше мың тойтармалар соққан. Көпірдің үлкен ашық металл формасы арнайы тойтармалармен біріктірілген, ол кезде дәнекерлеу болған жоқ. Париждегі Эйфель мұнарасы дәл осындай технологиямен жасалған. Котельниковтардың қолымен салынған көпір 1991 жылға дейін заманауи құрылысқа дейін жұмыс істеді.

Қазір Шаған өзенінде екі көпір қатар тұр. Біреуі қазір жұмыс істейді, екіншісі-тарихи жәдігер. Мұрағаттық мәліметтерге сәйкес, бұл көпір арқылы бір кездері Ресейдің еуропалық

бөлігіне және Батыс Еуропаға нан, балық және ауылшаруашылық өнімдері экспортталған. Оралдағы темір жол қызметі халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңінде (1946-1962) шаруашылықты, техникалық құралдарды нығайту, теміржолшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін көп жұмыс жасалды. Орал депосында 1948 жылы алғашқы тепловоз пайда болды, ал 1953 жылы жүк тасымалы 2ТЭ3 сериялы тепловоздармен жүзеге асырылды. Неғұрлым ауыр типтегі рельстер төселе бастады. Оралда Локомотивная, Паровозная көшелері салынды (локомотив бригадалары үшін 26 үй, ал басқа қызметтердің қызметкерлері үшін 48 үй). Алғашқы кірпіш екі қабатты үйлер тұрғызылды. Барлығы 1000 шаршы метр тұрғын үй тапсырылды. Ол кезде бұл көп. Вокзал ғимаратының жанында болат магистральдар арқылы өтпелі көпір салынды. (Осы көпірден өздерің күнде өтесіңдер!) Жаңа «Локомотив» стадионы, Теміржол поликлинкасы салынды. Сіздер тұратын Вокзал, Вагонный, Монетный, Макетный көшелеріндегі үйлер осы теміржолшыларға арнап салынған.» деп экскурсиясын аяқтайды.

Одан кейін балаларға әр экспонаттың қызметі туралы баяндайды. Міне, енді қызық басталады. Балалар бәрін ұстап қарайды. Ал мен болсам сабақты қорытындылау үшін экскурсияға байланысты сұрақтарды дайындап қоям. Ол сабаққа қатысу үшін кіретін билеттің артында тұрады.





Туристік - өлкетану бағытындағы «Руханият» үйірмесінің эксперименттік бағдарламасы

ЕСҚАЛИЕВА
Гүлмира Тәлішқызы
ОБЖТЖЭО-ның ҚББП-і,
педагогика ғылымдарының магистрі,
Орал қ., БҚО



*Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының білім беруді дамыту орталығының сараптама кеңесінде қаралып, облыс педагогтарына таратуға ұсынылды.
Хаттама № 4 27.10.2023 жыл*

Аңдатпа

Бағдарлама жас ұрпақты туған өлкенің және қаланың тарихымен, танымал жерлестеріміздің өмірімен, өлке туралы аңыздармен, ата-бабамыздың салт-дәстүрі және әдет-ғұрпымен таныстыруға бағытталған. Эксперименттік бағдарлама оқушыларға, қосымша білім беру педагогтеріне, әдіскерлерге арналған.

Аннотация

Программа направлена на ознакомление подрастающего поколения с историей родного края и города, жизнью известных земляков, легендами о крае, традициями и обычаями наших предков. Экспериментальная программа предназначена для учащихся, педагогов дополнительного образования, методистов.

Кілт сөздері: өлкетану және туризм элементтері, бағдарлама, рухани мұралар.

Түсінік хат. «Руханият» туристік – өлкетану бағытындағы бағдарлама қосымша білім мен тәрбие алатын білім алушыларға арналған.

Бағдарлама мазмұндық, тақырыптық бағыты бойынша туристік-өлкетанулық, функционалды қолданысы бойынша оқу-танымдық, іске асырылуы мерзімі бойынша үш жылдық, ұйымдастыру түрі бойынша үйірмелік болып табылады.

Бұл бағдарлама қосымша білім беру жүйесіндегі туристік-өлкетану бағытында білім алушыларды өзінің туған өлкесіне, ауылына, қаласына, өңіріне деген сүйіспеншілікке, сонымен қатар, жалпыадамзаттық құндылықтарын, жергілікті жердің салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, әдебиеті, тарихы, археологиялық және этнографиялық ескерткіштерді зерделеуге және қазақстандық патриотизмді

қалыптастыруға, музейлер қорын байыта түсуге бағытталған мақсаттарды негізге ала отырып жүзеге асырылады.

Оқушыларға өлкетану бағытында бағдарламаны құрастыруға өз іс-тәжірибемді қоса отырып, Қазақстан Республикасының БІЛІМ ТУРАЛЫ Заңының (27.07.2007, №319-ІІІ, 01.01.16 ж) 37-бабы «Қосымша білім беру» нұсқауы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №525 бұйрығы ҚР өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздерінен (01.10. 2018 ж), Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы (12.04.2017) және «Ұлы даланың жеті қыры» (21.11.2018 ж) мақаласы, Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік

кеңесінің шешімімен ұсынылған (2023 жылғы 25 сәуірдегі № 3 хаттама) «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік (2023.– 104 б.) нұсқау хаты басшылыққа алынды.

Балалар мен жасөспірімдердің туризм және экология облыстық орталығында қабылданған оқу жоспарының тұжырымдамасына сәйкес үйірме бағдарламасы 288 сағатқа есептелген. Үйірме сабағының ұзақтығы 2 академиялық сағат, жұмасына 3 рет болады. Үйірмеге 7-9, 10-12, 13-15 жас аралығындағы, жалпы саны 8 оқушы қамтылады. Бағдарламадағы оқу-тәрбие процестерін ұйымдастыру күнтізбелік оқу жылына қарастырылған. Өлке тарихымен таныстыра отырып, оқушылардың туған өлкесін зерттеуге деген қызығушылығын арттыруға арналған Zipgrade. jeopardy labs. т.б. жаңа оқыту технологияларын пайдалану, туризм және өлкетану негіздерін үйрету, мәдени орындарға экскурсия жасау.

Оқушылардың дүниетанымын кеңейте отырып, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы www.ziyatker.org сайтында жарияланатын байқауларға қатысып, шығармашылықтарын шыңдай отырып, оқу жылының аяғында қорытынды жорық, экспедицияларға қатысу көзделген.

Бағдарламаның мақсаты:

Жеке тұлғаны өз елінің рухани адамгершілігі мол азаматы әрі патриоты болуға, кіші Отанының өткені мен болашағын зерттеп, оны өркендетуге тәрбиелеу. Оқушыларының өзіндік дамуын, өзіндік ойлау қабілетін қалыптастыруға жағдай жасау, шығармашылық және интеллектуальдық мүмкіншілігі арқылы өзін-өзі тәрбиелеу қабілетін ашу.

Туған өлкенің тарихи, мәдени, рухани мұраларын танып білуге, сақтауға баулу, туған жеріміздегі белгілі тарихи қайраткерлердің, әдебиетшілердің өмірлерін оқып - тану. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы құжаттарды іздестіру және жинастыру, Батыс Қазақстан облысында тұратын халықтың, ұлттардың салт-дәстүрін, мәдениетін танып білу. Бос уақыттарын тиімді пайдалануды, салауатты өмір салтын қалыптастыруды, туристік шеберлікті меңгеру және жетілдіруді көздейді.

Бағдарламаның өзектілігі:

Бағдарлама жас ұрпақты туған өлкенің және қаланың тарихымен, танымал жерлеріміздің

өмірімен, өлке туралы аңыздармен, ата-бабамыздың салт-дәстүрі және әдет-ғұрпымен таныстырады. Жорық, экспедиция, экскурсиялар кезінде туристік дағдылар арқылы тәжірибелер жинақтайды.

Бағдарламаның бағыты: туристік – өлкетану.

Аталған бағдарламаның мазмұны мен бағыты өлкетану және туризм элементтерін оқытуда әрбір оқушының жеке көзқарасының қалыптасуына бірден – бір құрал болып табылады. Бағдарламаны іске асыру үшін өлкетанушылармен қатар, тәжірибелі туризм саласының ардагер мұғалімдері, еңбек және соғыс ардагерлерімен кездесулер өткізіледі.

Бағдарламаның жаңашылдығы - туған өлкеміздің, аудан, ауыл және мектебіміздің тарихын оқытуда жергілікті өлкетану материалдарын пайдалана отырып, туризм мен өлкетануды біріктіру.

Практикалық маңыздылығы бағдарламаны әртүрлі тарихи, мұрағат және әдебиет көздері т.б. кешенді жұмыс дағдыларын жүргізу, оқушыларды экскурсовод және тарихшы мамандығына баулу.

Бағдарламаның түрі: Жаңартылған. Steam, Zipgrade. jeopardy labs.

Бағдарламаның міндеттері:

- туған өлкені танып білу жүйесінде туристік – өлкетану құралы арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- Отаншылдыққа, өзінің кіші Отанының тарихи және мәдени құндылықтарына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Білімділік мақсаты:

- өлке өміріне байланысты көше, жанұя, қала, тарихи тұлғалар туралы білімін кеңейту, іздестіру-зерттеу жұмысының негізін үйрену және өлкетанушы, журналист мамандықтарына баулу, өзіндік қорытынды, түйін жасауға баулу;

- өз жұмысын жоспарлауға, жүйелендіруге, іс-әрекет алгоритмін құруға және жұмыста біріншілікті сақтауға үйрету.

Дамытушылық мақсаты:

- туған өлке тарихын өз бетімен оқуға деген құлшынысын оятуға, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау, өз бетінше іздестіру-зерттеу жұмысына үйрету арқылы туристік дағдыларын игеруге;

- туристік жорықтар мен жарыстарға қатысу арқылы шеберліктерін шыңдауға;

- алған біліктіліктері мен іскерліктерін практикада және күнделікті өмірде қолдана білуге;

- шығармашылық және іздестіру-зерттеу

жұмыстарына қызығушылықтарын арттыруға;

- шешендікке баулуға бағытталған.

Тәрбиелік мақсаты:

- кіші Отанымыздың, еліміздің тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік және құрметпен қарауға;

- мәдени және тарихи құндылықтарды ұқыптылықпен қарау, мақсатқа ұмтылу және жауапкершілікке тәрбиелеу;

- өзіне деген сенімділікке, еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, шыдамдылыққа, өзара көмек көрсетуге тәрбиелеу;

Бағдарламаның ерекшелігі - үйірме жұмысы оқушылардың дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастырады, зерттеу жұмысының әдістемесін меңгеруге мүмкіндік алады.

Бағдарламаны іске асыру кезеңдері – бағдарлама материалды үнемі күрделендіруге, оны бір деңгейден екіншісіне өту кезеңін меңгеруге сабақтасып, өзара байланысып отырады.

Бағдарламаны жүзеге асыру.

Үйірмеге қатысатын оқушылардың жас ерекшеліктері 7-9, 10-12, 13-15 жас аралығы. Бойларында күш-жігері көп жасөспірімдік жастағы балалар, олар дұрыс арнаға бағытталуы керек. Бағдарлама туристік-өлкетану қызметінің әр түрлі бағыттарына қатысу арқылы жасөспірімдердің шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі танытуына ықпал етуі тиіс.

Топ құрамы – оқу жылы бойы тұрақты, ал каникул кезінде - ауыспалы.

Балаларды жинақтау ерекшеліктері – топты жинау еркін түрде жүргізіледі.

Балалар саны – оқу жылы бойынша:

1 – оқу жылы – 15 адам.

2 – оқу жылы – 10-12 адам.

3 – оқу жылы – 8 адам

Қосымша білім беру бағдарламасының жүргізілу мерзімі.

- білім беру жүйесінің ұзақтығы - 3 жыл.

Сабақ берудің тәртібі мен түрі.

- жеке және топтық;

- практикалық және теориялық;

- ойын, әңгімелесу, лекция, экскурсия, жорық, экспедиция, конференциялар;

- семинар, пікірталас, байқау, викториналар, ауызша журнал, презентациялар.

Сабақ түрін таңдау тақырыпқа, күрделілігіне, сондай-ақ білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Топ жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескере отырып жасақталады.

Білім беру бағдарламасында ата-аналармен

жұмыс маңызды рөл атқарады. Тек ата-аналармен тікелей қарым-қатынастың болуы және оқыту мен тәрбиелеу процесінің маңыздылығын түсінуі педагогке жоғары нәтижелер береді. Ата-аналар үшін баланың жетістіктерін бақылау маңызды.

Ата – аналармен жүргізілетін жұмыстардың түрлері:

- ата-аналарымен сабаққа дейін және одан кейін жеке және топтық әңгімелесу;

- ата-аналарға арналған ашық сабақтар;

- ата-аналарды экскурсия, экспедицияларға, көрмелерге қатыстыру.

Қатысушылар білуі қажет:

- туған үй, отбасы, мектеп, қала туралы;

- өз өлкеңнің тарихы, қоныстанған халқы мен мәдениетін;

- өз елінің дәстүрін, әдет-ғұрпын;

- өз өлкесінің географиялық орнын, оның аумағын;

- жорық кезінде қауіпсіздікті сақтау;

- топографиялық белгілер;

Қатысушылар білуі тиіс:

- оқу сабақтарында, жорық, экскурсия, көпшілік шараларға қатысу және қоғамдық орындарға бару кезінде қауіпсіздік шараларының талаптарын орындауға;

- экскурсия, жорық, экспедицияларды дербес ұйымдастыруға;

- экспонаттар және құжаттармен мұқият жұмыс істеуге;

- жергілікті жерді бағдарлау;

- бивуак және шатыр құру;

- жинақталған материалдардан экспозиция рәсімдеуге;

- құжаттармен жеке жұмыстануға;

- зерттеу жұмыстарын жүргізуге;

Біліктілік дағдыларын саралау:

- сұрақ-жауап, тест, сынақ;

- орталық, аудандық, республикалық өлкетану оқуларына, іздестіру-зерттеу байқауларына, өлкетанулық олимпиадаларға, ғылыми-практикалық конференцияларға т.б. қатысу. Оқу жылы бойы баланың қызметін талдау, теориялық дайындығы мен практикалық дағдыларын тексеру жүзеге асырылады. Оқыту қорытындысы бақылау сабақтармен аяқталады.

Қорытынды сабақтарына мыналар жатады: шығармашылық тапсырмаларды орындау, жобаны қорғау, экспозицияны жасақтау және рәсімдеу, есеп қорының кітабы, экскурсия маршруттын жасақтау, тақырыптарын жазу, өткізу;

Тақырыптық оқу жоспары
Бірінші оқу жылы

№	Бөлімдер және тақырыптар мазмұны	Барлық сағат саны	Сағат саны		
			Теория	Практика	Семинар
1	2	3	4	5	6
I. «Өз өлкенді танып біл»					
1.1	Кіріспе. Өлкетану дегеніміз не?	2	2	-	-
1.2	Туристтік - өлкетану үйірмесінің мақсат-міндеттерімен танысу	2	2	-	-
1.3	Қауіпсіз және ең қысқа жол. «Бағдаршам және оның достары» үйірме мүшелерін қауіпсіздік ережесімен таныстыру.	2	-	2	-
1.4	«Балалар туризмі тарихы» музейіне экскурсия	6	-	6	-
	Барлығы:	12	4	8	-
II. «Менің кіші - Отаным»					
2.1	Менің үйім. Менің аулам. Менің көшем	2	2	-	-
2.2	Менің мектебім. Менің ұстазым	2	2	-	-
2.3	Менің қалам. «Менің сүйікті қалам» сурет көрмесі	2	-	2	-
2.4	Мен және менің есімім. Жеті атаңды білесің бе?	2	2	-	-
2.5	«Менің әулетімнің тарихы». Біздің ұйымшыл отбасы. Өңгіме	2	-	-	2
2.6	«Кім болам». Менің отбасымдағы мамандықтар. (Эссе жазу)	2	-	-	2
2.7	Мен және менің достарым	2	2	-	-
2.8	Әдептілік – әдемілік. Әдептілік қағидалары	2	-	-	2
	Барлығы:	16	8	2	6
III. Салт-дәстүрді білеміз бе?					
3.1	«Салт-дәстүрің салтанатың» Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары.	2	2	-	-
3.2	Халықтық мақал – мәтелдер мәні	2	2	-	-
3.3	Жұмбақ, жаңылтпаштар мәні	2	2	-	-
3.4	Қазақ халқының түрлі тыйым сөздері	2	-	2	-
3.5	«Ақылдың көзі – аталы сөз» Өз білімінді тексер. Мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштар сайысы.	4	4	-	-
	Барлығы:	12	10	2	-
IV. Туризм әліппесі					
4.1	Туризм ұғымы туралы түсінік	2	2	-	-
4.2	Туристің жеке гигиенасы, алғашқы дәрігерлік көмек	2	2	-	-
4.3	«Туристтік тұрмыс және дағды» (алау түрлері, шатыр құру)	2	-	2	-
4.4	Жорықты өткізу тәртібі. Жорықтағы міндеттерді бөлу. Туристтік жеке және топтық жабдықтар.	4	2	2	-
4.5	Жаяу және шаңғы жорығының негізгі ережесімен танысу.	4	-	4	-
4.6	Туристтік топ серуенде	6	-	6	-
	Барлығы:	20	6	14	-

V. Экология және бағдар					
5.1	Батыс Қазақстан облысының географиясы, жер бедері және пайдалы қазбалары	2	2	-	-
5.2	Топография негіздері, компас	4	-	4	-
5.3	«Ландшафты қорғау», Қорықтар. Табиғат ескерткіштері	2	2	-	-
5.4	«Батыс Қазақстан облысының өсімдіктері және жануарлар дүниесі»	2	2	-	-
5.5	«Топографиялық карта және жергілікті жерді бағдарлау»	2	2	-	-
5.6	Құстардың қысқы тіршілігі. Қамқорлық акциясы (Жоба сабақ)	2	-	2	-
	Барлығы:	14	8	6	-
VI. Ақжайықтану					
6.1	Қазақстан Республикасындағы Батыс Қазақстан облысының орны	2	2	-	
6.2	Орал қаласының тарихы	2	2	-	
6.3	Батыс Қазақстан облысына қарасты аудандар тарихы	2	2	-	
6.4	«Ескерткіштер сыр шертеді»	2	2	-	
6.5	Өлкетану музейіне экскурсия.	8	-	4	4
	Барлығы:	16	8	4	4
VII. «Тарихыңды таны – тұлғанды құрметте»					
7.1	Ақжайық арыстары. ҰОС жылдарындағы жерлестердің ерлік даңқы.	4	2	2	-
7.2	«Тағзым ет, сен қадірменді қарттарға». Еңбек және тыл ардагерлері.	4	2	2	-
7.3	Ауған соғысының батырлары	4	4	-	-
7.4	Танымал ғылыми - мәдени қайраткерлері	4	4	-	-
7.5	Танымал ақын-жазушылар	4	-	4	-
	Барлығы:	20	12	8	-
VIII. Ғылыми орталық және ізденуші					
8.1	Туған өлкеге арналған кітаптар көрмесі. Кітапхана, музей, мұрағаттармен жұмыстану	4	-	4	-
8.2	Іздестіру-зерттеу жұмыстарын жүргізу	4	-	4	-
8.3	«Сен білесің бе?» ойыны. Сұрақ және жауап.	4	2	-	2
	Барлығы:	12	2	8	2
IX. Қорытынды					
8.1	«Ғасыр жасаған – туған қалам» экскурсиялар ұйымдастыру	4	-	4	-
8.2	«Бағыңды сына жас ғалым» туристік-өлкетанулық байқау	2	2	-	-
8.3	«Руханият тобы - жорықта»	14	-	14	-
8.4	Қорытынды	2	-	-	2
	Барлығы:	22	2	18	2
	Барлық сағат саны:	144	60	70	14

I - бөлім. Кіріспе – 12 сағат

Кіріспе. Үйірме оқушыларын жинақтап, балалармен танысу. Туристтік-өлкетану бағдарламасының мақсаты мен мәні... «Өлкетану» түсінігінің пайда болуы мен бастапқы түсініктері: өлке (түсінігінің мәні) – жер, ел, өлке т.б. түсініктерін қалыптастыру. Өлкетанудың зерттеу объектілері: табиғат, тұрғындар және өлке экономикасы, өлке тарихы, өлке өнері, табиғат, климат, тарихы, тұрғындары, мәдениет және тұрмысы т.б. мазмұны бойынша тарихи, әдеби, этнографиялық, биологиялық, географиялық, экономикалық көпқырлы комплексті құбылыстары туралы баяндау. Өлкетануды зерттеу объектісінің ерекшелігі. Өлкетану ерекшелігінің түрлері. Өлкетанудың зерттелу тарихына тоқталу.

Жалпы қауіпсіздік шараларымен таныстыра отырып, оқушылардың қызығушылығына қарай міндеттерін бөлу. Туристтік құрал – жабдықтармен жұмыс, маршруттағы, көліктегі, алау жанында және отын дайындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Оқу сыныбында және спорт залдағы, далалық аймақтағы және оқу-жаттығу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау. Туристтік құрал – жабдықтармен жұмыс кезіндегі, жеке және командалық сақтандыру орындау кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Жолда жүру ережесі арқылы баланың зейінін шоғырландыру. Бағдаршам туралы айта отырып, тапсырмаларды орындату арқылы ойлау, қабылдау танымдық процестерін дамыту. Жолда жүру ережесі арқылы мұқияттылыққа, жауапкершілікке, тапсырмаларды орындату арқылы тәрбиелеу.

Тәжірибелік сабақ. Балалардың туған жерін сүюге тәрбиелеу, қоршаған ортаға және Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, балалардың эмоциялық көңіл - күйін көтеру. Адамгершілікке, әдепті болуға тәрбиелеу, үлкендер еңбегін бағалай білуге үйрету. Эстетикалық тәрбие беру арқылы сұлулықты сезіне білуге баулу, олардың әдеби сөздік қорын молайтумен қатар дүние танымдарын кеңейту, балалардың ой өрістерін дамыту мақсатында балаларды ғимаратпен (Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм орталығы және «Балалар туризмі тарихы») музейімен таныстыру.

II – бөлім. «Менің кіші - Отаным» - 16 сағат

Оқушыларды қоршаған ортамен (үй, көше, табиғат) таныстыру. Адам мен табиғат тығыз байланысты; өз игілігі мен басқа да адамдардың игілігі үшін қажетті де дұрыс іс-әрекет жасау керек. Бөлім мазмұны (мекен-жай анықтау қабілеті) практикалық дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді; этика, балалар мен ересектердің қарым-қатынасын қалыптастыру;

Оқушыларға мектепті ортақ үйі ретіндегі көзқарастарын қалыптастыра отырып, дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу. Мектептегі мінез-құлық ережесінің мәнін дұрыс әрекет құндылығымен байланыстыра отырып, ұғындыру, ұқыптылық, жауапкершілік қасиеттерін дамыту; «Мен» бейнесінің жағымдылығын қалыптастыруға жағдай жасау. Қарым-қатынас түрлерін дамыту. Өзін-өзі тануды қалыптастыру. Өзін-өзі жағымды қабылдауды дамыту өзінің есімін қабылдауға жағдай жасау, сурет салу арқылы шығармашылықты, өзін-өзі көрсетуді дамыту. Топтың бірігуіне әсер ету. Коммуникация дағдыларын дамыту. Отбасылық аңыздар, дәстүрлер мен жәдігерлер. Менің туыстық ағашым. Отбасылық мұрағат. Отбасы тарихындағы естелік оқиғалар. Отбасы мүшелерінің өмірбаяндары. Тектік кестелерді құру. Туыстардың әңгімелері мен естеліктерін қалай жазуға болады? Менің көшем, ғимараттардың сәулеттік ерекшеліктері т.б. қамтылады.

«Менің әулетімнің тарихы»: біздің ұйымшыл отбасы. Отбасы мүшелерінің туған өлкесінің тарихымен байланысты оқиғалар туралы естеліктері мен әңгімелерін жазу. Отбасылық жәдігерлерді іздеу. Отбасылық мұрағаттар мен жәдігерлердің сипаттамасы. Жиналған материалдарды талқылау.

«Кім болам?»: Менің отбасымдағы мамандықтар. Әр түрлі мамандық түрлері туралы түсінік беру. Мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып, олардың маңыздылығы туралы білім беру. Кәсіпті тандап, игеру үшін оқып, білім алу қажеттілігін түсіндіру. Әңгіме құрастыруда өз ойын, өз армандарын нақты және түсінікті етіп жеткізе білу қабілеттерін қалыптастыру. Шығармашылық белсенділіктерін арттыру. Әр түрлі мамандық түрлеріне қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу.

«Мен және менің достарым»: Баланың өзін - өзі тануына, достарын бағалауға, құрметтеуге үйрету, досының айтқанын аяғына дейін тындауға, кез келген уақытта көмектесе білуге тәрбиелеу. Ойындар арқылы есте сақтау, ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту.

«Әдептілік-әдемілік» қағидалары: қазақ қоғамында халық педагогикасы — халқымыздың ұлттық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, мақал-мәтелдерін, ырымдар мен тыйым сөздерін және өнерін негізге алып, баланы жастай тәрбиелеу. Қай заманда болмасын, ұлттық өрлеудің ең негізгі шарты тәрбие мен білім болған. Сондықтан жас ұрпақтың бойына халқымыздың төл мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, халықтық қағидалар өсиеттерін сіңіру.

III. Салт – дәстүрді білеміз бе? – 12 сағат

«Салт-дәстүрдің – салтанатың» қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптар: оқушыларға қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындыру, баланың бойына адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, халық өнегесін үйрету; ата-анамен тығыз байланыс жасау арқылы ортақ тәрбиеге жұмылдыру.

Тұрмыстық салт-дәстүрлер: халқымыздың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын оқушы бойына сіңіру. Әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері болатыны белгілі. Біздің тәрбиеміз ананың ақ сүтінен, атаның қасиетті сөздерінен бастау алады. Біздің халқымыздың тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері өте көп. Халқымыздың әдет-ғұрпын, дәстүрін, тарихын білу, оны қастерлеу. Сонымен қатар тұрмыстық салт-дәстүрлер туралы түсінік беру.

«Қазақ халқының тыйым сөздері». Тыйым сөздер – адамгершілік қасиетінің бір өлшемі. Адамгершілік дегеніміз ұлы Абай атамыз айтып кеткендей бес асыл қасиетке жататын талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым. Адами қасиеттердің көрсеткіштері: адамдық, қайырымдылық, үлкенді құрметтеу, сыйлау, өтірік айтпауға баулу. Балаларды жаман әдет, жат пиғыл, орынсыз қылық, теріс мінездерден аулақ ұстау. Тізені құшақтау – жалғыз қалудың, қолды төбеге қою – ел-жұрттан безінудің, үлкеннің жолын кесу – әдепсіздіктің, асты төгу – ысыраптың белгісі деп танылған және ондай ерсі істерге қатаң тыйым салынған. Тыйым сөздер – халықтық тәлім тәрбие, үлгі-өнеге, ақыл-кеңес берудегі тәрбие құралдарының бірі. Қазақ халқының тәрбие құралдарының бірі –

тыйым сөздер.

Ұлттық қолөнер, ою-өрнектер: Балаларға қосымша білім беруде оқушының білімін, шеберлігін көрсету. Оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту. Қол өнер бұйымдары қағаз, мата, былғары, түрлі-түсті қағаздан құрастыру. Ертегілер әлеміне көрініс жасау. Техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Ою-өрнектің шығу тарихы, қолданылуы. Ою-өрнектің үлгілерін жасау, ою жиегін кестелеу әдістері. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Моншак туралы жалпы мағлұмат, моншакпен бұйымдар кестелеу, моншакпен маталар кестелеу.

«Ақылдың көзі – аталы сөз»: «Өз білімді тексер» мақал-мәтел сайысы. Оқушылардың халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын, ойлау қабілетін дамыту. Ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптеуге баулу, мақал-мәтел, жұмбақ туралы білімдерін тереңдету. Оқушыларды шапшаң ойлауға, тапқырлыққа, жауапкершілікке үйрету, сөздік қорын, дүниетанымын арттыру. Адал достыққа, білімді, өнерлі, еңбекқор, азамат болуға, тілін, елін, жерін сүйер, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренер жеке тұлға болып қалыптасуына әсер ету.

IV. Туризм әліппесі – 20 сағат

«Туризм» ұғымы туралы түсінік: жақсы ұйымдастырылған туристік-өлкетану жұмыстары оқушыларға терең білім береді, ой өрісін кеңейтеді. Туризм - бұл спорттық және денсаулықты сауықтыру негізінде оқу – тәрбие мақсатымен біріктірілген, жергілікті жермен танысу процесі бойынша мақсатқа жететін саяхат немесе жорық. Туристік жорықтарда оқушылар өзі тұратын елді мекен табиғатына бақылау жасап, адамдардың шаруашылық әрекетін анықтайды. Туризм өлкетанушыны өз бетімен жұмыс істеуге тәрбиелейді, бақылауға, жергілікті жерге бағдар жасауға үйретеді.

«Туристің жеке гигиенасы, алғашқы дәрігерлік көмек». Алғашқы дәрігерлік көмек. Жорық ұйымдастырушы жетекші ең алдымен қатысушының денсаулығына байланысты жеке мәліметтерін алу. Кез-келген қатысушының жорық барысында медициналық тексеруден өткізілуі өте

маңызды. Туризм негізінен далалық жағдайда ұйымдастырылатындықтан қауіп - қатер де әр түрлі деңгейдегі кедергілерден өту барысында кездесетін жарақат түрлерін таңу т.б. туралы түсінік беру. Туристік жорықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сақтандыру және өзін-өзі сақтандыру. Сақтандырудың және өзін - өзі сақтандырудың маңыздылығы. Сақтандыру құралдары. Туристік түйіндер, кеуде бекіткіші және оны қолдану тәсілі. Сақтандыру түрлері: біруақыттық, кезекті, топтық және өзін-өзі сақтандыру. Сақтандыру орнын таңдау және дайындау. Жоғарғы және төменгі сақтандыру. Арқан арқылы жоғарыға шығу және төменге түсу. Жорық кезіндегі қауіпсіздіктің алдын алу. Өлкетануда қолданылатын карталардың түрлері, бағдарлау (бағытты анықтау) негіздері, компас, жергілікті жерде және картада азимутты анықтау, полярлық және маршруттық түсіру тәсілдерімен жергілікті жердің жоспарын жасау технологиялары, шартты белгілер.

«Туристік тұрмыс және дағды»: (алау түрлері, шатыр құру). Топтық және жеке жарақтар. Саяхат ауданына, жыл мезгіліне және ауа райының жылыну тәсіліне, саяхаттың ұзақтығына байланысты керекті топтық және жеке жарақтардың жол дорбалары мен шатырлардың түрлері. Жорық төсеніштері, шатырды құруға арналған жарақтар, ошақ, жөндеу құрал жиынтықтары. Алау түрлерімен танысу.

Жорықты өткізу тәртібі: Туристік жабдықтар. Экскурсияларды, жорықтарды өткізу кезіндегі қауіпсіздік негіздері. Туристік серуен, экскурсия, жорық, экспедиция кезіндегі тәртіп ережелері. Қаладағы, көліктегі тәртіп ережелері. Оқу және демалыс мекемелерінде, музейлерде өзін-өзі ұстау ережелері. Шанышқы-кесетін заттарды, электр құралдарын, тұрмыстық химия заттарын және дәрі-дәрмектерді пайдалану ережесі. Өрт қауіпсіздігі және төтенше (авариялық) жағдайлардағы жүріс-тұрыс ережелері. Авариялық қызметтердің телефондары. Туристік (экскурсиялық), экспедициялық топ басшысының талаптарын орындау қажеттілігі. Жорықтағы өзара көмек. Оқушыларымен, тәрбиеленушілерімен туристік жорықтарды, экспедициялар мен экскурсияларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықпен танысу.

Туристік жабдықтарды күту экспедицияны ұйымдастыру кезеңдері. Топтағы лауазымдар мен

тапсырмаларды бөлу. Алынған лауазымға сәйкес экспедиция кезеңдері бойынша жеке қызметті жоспарлау. Маршрутты жоспарлау және әзірлеу. Туристік схема және топографиялық карта, маршруттық құжаттар. Жорық, экспедиция өткізу туралы есеп.

Жаяу және шаңғы жорығының негізгі ережесімен танысу: Шаңғыны меңгеру. Шаңғыға тұру. Туризм сабақтары мен бағдарлауға шаңғы, таяғы мен бәтеңкесін дұрыс таңдау. Ылдиларда шаңғыны басқару. «Басу» және «Сырғанау» адымдармен қозғалу. Шаңғымен жүрудегі қауіпсіздік ережесінің сақталуы туралы баяндау.

Тәжірибелік сабақ: туристік топ серуенде. Табиғатқа серуендеу мен экскурсиялар жасауда адам денсаулығын нығайтуға тигізетін әсері. Жорықтар бұлшық ет қозғалысын дамытып қоймай, сонымен қатар жүрек, өкпе және адам ағзасының басқа да мүшелерін нығайтатындығын ұғындыру. Жорықтар кезінде көптеген қызықтар мен жаңалықтарды үйретіп, қоршаған ортадағы табиғат аясымен, адамдардың қолымен жасалған орындармен танысып, өңірде жүру ережесін сақтау, өзін және өз жолдастарын /жол айрығы/ күте білу, туристік өмірдегі эпизодтарды бақылап қызықты жерлерді суретке түсіру. Туристік серуендеуге, экскурсияға, жорыққа, экспедицияға арналған жеке туристік жабдықтар. Топтық жабдыққа қойылатын талаптар және оны күту ережесі. Шатырлар, олардың түрлері мен мақсаты. Ас үй және от жабдықтары. Өнімдерді орауға қойылатын талаптар. Жол дорбаны қалай ұстау тәртібі, гигиеналық талаптарды сақтау. Табиғатты бақылау және қарапайым өлкетану тапсырмаларын орындайтын жабдықтармен танысу.

V. Экология және бағдар – 14 сағат

Батыс Қазақстан облысының географиясы, жер бедері және пайдалы қазбалары: облыс территориясының құрылуы және көлемі, елді мекендерге сипаттама. Географиялық өлкетану. Физикалық-географиялық өлкенің немесе облыстың тармағы бойынша сипаттама. Геологиялық құрылымның пайдалы қазбалары мен рельефінің өлкетанымдық зерттелуі. Климат пен гидрология, өлкенің объект ретінде өлкетанудың зерттелуі. Өлкенің жағдайына байланысты гидрологиялық объектілердің өлкетанымдық зерттелуі. Жер бедерінің

ерекшелігі. Жер бедерін қалыптастырушы факторлар. Жер бедері құрылысының геологиялық құрылымы мен пайдалы қазбалардың байланысы. Адамның шаруашылық әрекетінің жер бедері мен пайдалы қазбаларға әсері.

Топографиялық карта жергілікті жерді бағдарлау: Жергілікті жердің қарапайым картасын түсіру. Жергілікті жердің бейнесі, шартты белгілер. Абсолют және салыстырма биіктіктер. Жобаның құрылымы. Батыс Қазақстан облысында пайдалы қазбаларды өндіру. Жергілікті жерде топографиялық картаны құру. «Ландшафты қорғау», «Қорықтар», «табиғат ескерткіштері»

«Батыс Қазақстан облысының өсімдіктер және жануарлар дүниесі»: облыстағы өзендер және көлдер. Өлкенің топырағын, өсімдігін және жануарлар әлемінің зерттелуі, жалпы сипаттама. Эндемикалық флоралар мен фауналар өкілдерінің бір түрінің анықтамасы туралы түсінік беру.

Топотүсірілім және топографиялық белгілер: сурет және жердің (саябақтың немесе өз көшесінің) қарапайым жоспары. Суреттегі, фотосуреттегі, сызбадағы немесе жоспардағы жердің бейнесі. Қарапайым шартты белгілер. Топографиялық картамен танысу, масштабы, шартты белгілер. Туристік топтағы топографтың рөлі. Туристік маршруттың маңызы. Тұсбағдар, оларды пайдалану ережесі. Көкжиектің жақтарын тұсбағдар, күн, өсімдік және жануарлар дүниесі объектілері бойынша және жергілікті белгілері бойынша анықтау. Карта арқылы жорықта бағдарлау. Туристік топтың барлаушысы, оның міндеттері мен туристік серуендеудегі іс-әрекеттері (экскурсиялар).

Тәжірибелік сабақ. Құстардың қысқы тіршілігі. Ұя жасау. Қамқорлық акциясына қатысу. (Жоба сабақ). Құстардың қысқы тіршілігі және қыстайтын құстар туралы түсінік беру. Балалардың логикалы ойлауын, тілін, сөздік қорын, есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарды қорғауға, ұясын бұзбауға тәрбиелеу.

VI. Ақжайықтану – 16 сағат

Батыс Қазақстан облысының және Орал қаласының тарихы: Батыс Қазақстан облысының территориясы, шекаралас аймақтары, орталығы, облыс құрамындағы әкімшілік – аумақтық бөліністер, қала типтес кенттер, халқы, халық саны мен ұлттық құрамы, білім беру орында-

ры т.б. баяндалады. Батыс Қазақстан облысы ауданының физикалық-географиялық және экономикалық сипаттамасы. Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласының тарихы, халық саны, географиясы, көне ғимараттар туралы баяндау. Орал қаласын зерттеуге қатысқан көрнекті ғалымдар, танымал тұлғалар туралы түсінік беру.

«Ескерткіштер сыр шертеді»: тарихи – ескерткіштер рухани мәдениет дамуының көзі. Ғылыми зерттеу орнына саяхат жасап, алғашқы ғылыми ой тұжырымдарын қалыптастыру.

Тәжірибелік сабақ. Орал қаласының топонимикалық ескерткіштері. Топонимдер бойынша материалдарды жинау және рәсімдеу. Кітапхана қорларымен жұмыс. Ескерткіш орындарына экскурсия. Табиғи ескерткіштермен танысу. Фотоаппараттармен, диктофондармен жұмыс істеу, музейге, экспозицияларға арналған материалдарды іріктеу. «Менің кіші - Отаным» мультимедиялық презентацияны монтаждау.

Өлкетану музейіне экскурсия.

VII. «Тарихынды таны - тұлғанды құрметте» - 20 сағат

«Ақжайық арыстары». Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жерлестеріміздің ерлік даңқы: оқушыларға Ұлы Отан соғысы кезіндегі Батыс Қазақстан облысынан шыққан батырлар туралы түсінік беру. Е.Орақбаев, М.Жүнісов, М.Абдулов, С.Жақсұғұлов Х.Доспанова т.б. өмірі, ерліктері туралы түсінік беру. Оқушыларға еңбек және тыл ардагерлері туралы түсінік беру. Оқушыларға Ұлы Отан соғысы жылдарындағы еңбек еткен азаматтардың өмірі, атқарған еңбектері туралы түсініктерін кеңейту.

«Тағзым ет, сен, қадірменді қарттарға»: Еңбек және тыл ардагерлері. Тыл еңбекшілерінің, халық, зиялыларының үлесі туралы мағлұмат беру. Майдандардағы жеңіске тыл еңбеккерлерінің қосқан үлесі. Еңбек және тыл ардагерлерінің өмірі, атқарған қызметтерін нақты деректермен баяндайтын мақалалардың, әр қилы тарихи кезеңдері мен оқиғалары хақында түсінік беру. Көнекөз қариялармен кездесу, сұхбат алу, материалдар жинастыру. Альбомдар жасау, рефераттар жазу.

Ауған соғысы жылдарындағы жерлестеріміздің ерлік даңқы: Оқушыларға ауған соғысына қатысқан батырлар туралы түсінік беру. Ауған

соғысы кезіндегі батырлардың өмірі, ерліктері туралы түсінік беру.

«Өлкені оқып үйренеміз!».

Танымал ғылыми – мәдени қайраткерлері: оқушыларды Орал өңіріндегі танымал қоғам қайраткерлерінің өмірімен, еңбектерімен таныстыру. Материалдар іздестіріп танымдық белсенділіктерін арттыру. Орал өңіріндегі өлкетанушы, тарихшы, археологтар туралы деректер, еңбектері. Жайықтың жайсаңдары. Жайсаң Ақбай «Алшын-От-Ана» еңбегі. Орал өңірінің өлкетанушысы Жайсаң Ақбай туралы түсінік беру.

Танымал ақын жазушылар: оқушыларға Батыс Қазақстан облысындағы танымал, қоғамдағы орны ерекше тұлғалар (Ғұмар Қараш, Т.Жароков, Ж.Молдағалиев, Қадыр Мырза Әлі, Х.Есенжанов, А.Бақтыгереева т.б.) туралы түсінік беру. Оқушыларға танымал: ғалым, ақын-жазушылар, спортшылар, білім, мәдениет, мемлекет, т.б. қайраткерлері туралы мағлұмат беру.

VIII. Ғылыми орталық және ізденуші: – 12 сағат

Туған өлкеге арналған кітаптар көрмесі. Кітапхана, мұрағаттармен жұмыстану: кітапханамен қалай жұмыс жүргізуді үйрету. Қала музейімен тығыз байланыс орнату. Қала, мектеп музейлерімен танысу. Ондағы заттай жәдігерлермен таныстыру. Мұрағат материалдарымен танысу. Мұрағатпен жұмыс жүргізуді үйрету. Мұрағат материалдарымен шығармашылықты арттыру. Тарихи терминдермен жұмыс. Тарихи ғимараттың қай жылы салынғандығы, архитекторы, тарихы туралы іздестіру – зерттеу жұмыстарын жүргізу. Тарихи терминдермен таныстыру, сілтеме жасауды үйрету. Кітапханамен байланыс орнату. Х.Есенжанов атындағы, Ж.Молдағалиев атындағы кітапханалармен байланыс жасау. Жан-жақты білуге деген құмарлығын арттыру.

Ғылыми орталық және ізденуші: «Оқып үйрен, ғалым бол!». Ғылым жолына бағыттау. Ғылым баспалдағы шығармашылық ізденісінен басталады. Ғылым жолы туралы түсінік беру, ЖОО-на барып, ғылыми жетекші бекіту, жұмысын тексерту тапсырмалар алу. Тақырыпты талдау, мақсат, жоба бағдарламасын белгілеу, күнделік арнау, саяхатқа шығу. Карта бойынша жұмыс жасау жолдарын меңгерту, теориялық білімдерін

жетілдіру. Картографиялық, жұмыс жүргізуді үйрету. Оқиға болған жерлерді фотоға түсіру және картаға белгілеу. Зерттеу объектілерін контур картаға түсіру. Ғылым баспалдағы шығармашылықтан басталады. Психологиялық ерекшеліктерін, білім деңгейін, мүмкіндіктерін ескере отырып, тақырыпты таңдату.

«Сен білесің бе?» оқушылардың іздестіру – зерттеу жұмыстарын қорғау. Материалдар іздестіріп, танымдық белсенділігін арттыру. Ел аузында қалған мұраларды жинастыру. Ұрпақтарымен сұхбат жүргізу. Тарихи куәгерлердің әңгімелерін жазып алу. Отбасы құжаттары мен фото шежірелер және отбасы тарихы туралы материалдарымен танысу. Ғылыми жұмыспен айналысу.

«Бағынды сына, жас ғалым!»: жыл бойы өткен тақырыптарды қорытындылау.

Оқушыларды ғылыми конференцияларға қатыстыру, бақтарын сынау, облыстық, республикалық сайыстарға дайындау.

IX. Қорытынды – 22 сабақ

«Ғасыр жасаған – туған қалам» экскурсиялар ұйымдастыру: қала туралы жаңа мәліметтерді өз бетінше жинау. Орал қаласының тарихына шолу жасап, қаланың әсем көріністеріне саяхаттар жасау. Қала және музей ішіне экскурсияларды дайындау және өткізудің негізгі принциптері. Жаңа құрылған экспозиция бойынша мектеп музейінде экскурсия мәтінін ұжымдық құру ережесі. Музейде экспозиция бойынша экскурсияны ұжымдық өткізу технологиясы.

Тәжірибелік сабақтар. Әртүрлі экскурсияларды (елді мекен бойынша, музейде, ескерткіш орындар бойынша) тыңдау.

«Бағынды сына жас ғалым» табиғат аясындағы сайыс. Оқушылардың білімге, ойынға деген қызығушылығын арттыру, ынтасын арттыру, алған білімдерін шыңдап, тексеру. Ой-өрісін іс-жүзінде шыңдау, есте сақтау, сөйлеу мәнерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Бір-бірімен достық, ынтымақтастықта болуға, бір-бірін тыңдауға, сыйлауға тәрбиелеу.

«Руханият тобы» - жорықта: қала музейлері құжаттар мен жәдігерлерден басқа жаңа мәліметтерді өз бетінше жинау. Жәдігерлер қатарын толықтыру.

(Басы. Жалғасы келесі журналда)



Формирование приемов умственной деятельности у младших школьников с задержкой психического развития



РАХИМОВА

Гульзада Кажымуратовна
Зам.директор по УВП
КГУ «ОШ» №20,
г. Уральск, ЗКО

Аннотация

В статье говорится о коррекционно-развивающей работе по формированию у учащихся приемов умственной деятельности.

Аңдатпа

Мақалада психикалық дамудың және оны түзетудің маңызды құралы оқушылардың ақыл-ой әрекетінің әдістері ретінде анықталған және тиісті зияткерлік әрекеттер тізімінде көрсетілуі мүмкін ойлау әдістерін қалыптастыру туралы айтылады.

Ключевые слова: ЗПР, умственный, формирование, деятельности

Коррекционно-развивающая работа, основываясь на принципах коррекционной педагогики, строится с учетом возрастных и индивидуальных особенностей учащихся, в соответствии со структурой и характером нарушений, их влиянием на учебную деятельность и общее развитие ребенка. Основной формой ее организации являются индивидуальные и групповые коррекционно-развивающие занятия, которые могут иметь коррекционно-развивающую и предметную направленность. В теории и практике обучения детей с задержкой психического развития (далее – ЗПР) умственное развитие рассматривается как наиболее значимое направление коррекционной работы.

Важным средством умственного развития и его коррекции является формирование у учащихся приемов умственной деятельности и, в частности, приемов мышления, определяемых как способы, которыми осуществляется умственная деятельность и которые могут быть выражены в перечне соответствующих интеллектуальных действий. Специальное формирование приемов мыслительной деятельности у детей с ЗПР может существенно

повысить возможности их обучения в условиях общеобразовательной школы.

Известно, что дети с ЗПР имеют характерные особенности мыслительной деятельности, затрудняющие процесс формирования приемов во время работы на уроке. В психолого-педагогических исследованиях отмечаются поверхностность мышления, его направленность на случайные, единичные признаки, инертность, малоподвижность мыслительных процессов, склонность к копированию, подражательности.

Особенностью работы по формированию приемов умственной деятельности у младших школьников является использование специальных методов, обеспечивающих особые образовательные потребности таких детей. Для этого специалисты на занятиях должны обеспечивать постепенный переход мыслительной деятельности учащихся с репродуктивного на продуктивный уровень, предусматривать «пошаговость» при предъявлении материала, дозированную помощь, учитывать индивидуальные возможности ребенка: умеет ли он работать самостоятельно, выполнять задание в словесно-логическом плане либо с использо-

ванием наглядных опор, воспринимать помощь педагога.

Также следует иметь в виду важность и необходимость переноса формируемых на занятиях специалистов умений и навыков в деятельность ребенка на уроке, что достигается обеспечением связи коррекционных программ специалиста с содержанием учебных программ.

Эффективность коррекционной работы педагога достигается посредством использования специальной системы коррекционно-развивающих заданий, в основе которой лежит соблюдение ряда психолого-педагогических условий.

Первое условие формирования приемов умственной деятельности основывается на известном положении Л.С. Выготского «О единстве аффекта и интеллекта». Для определения уровня интеллектуальных возможностей ребенка «зона его ближайшего развития» учитывается не только в интеллектуальном аспекте, но и в эмоциональном.

Для этого на занятиях должно предусматриваться определенное структурирование внешней среды, которое включает:

- создание благоприятной эмоциональной ситуации – толерантное поведение, демократический стиль общения, организация совместной деятельности ребенка и взрослого, планирование взаимодействия со сверстниками (работа над заданием по подгруппам);

- активизацию познавательного интереса как средства формирования мотивационного компонента деятельности через использование игровых приемов, элементов соревнования, эффекта новизны и т. п. на всех этапах деятельности ребенка;

- формирование «адекватной реакции на успех». С этой целью задания предъявляются от простого к сложному, предусматриваются варианты разнообразных форм деятельности, предоставляющих ученику возможность выбора; использование дозированной помощи (стимулирующей, организующей, направляющей, обучающей); пошаговость в предъявлении материала и опору на субъективный опыт ребенка.

Второе психолого-педагогическое условие – необходимость формирования обобщенных «широких» приемов умственной деятельности для решения большого круга учебных задач.

Специфика этих приемов заключается в том, что они носят «межпредметный» характер, используются на разном предметном материале и не зависят от его конкретного содержания, тем самым оказывая существенное влияние на умственное развитие учащихся.

В процессе формирования приема происходит его последовательное обобщение, по мере его усвоения расширяется круг задач, на который он может переноситься. На начальном этапе формирования приема используется не учебный материал. По своему содержанию он более интересен и доступен учащимся, чаще предъявляется в занимательной (нередко в игровой) форме. Его использование дает большую возможность практического оперирования с предметами.

Третье психолого-педагогическое условие, обеспечивающее эффективность использования системы коррекционно-развивающих заданий, – формирование приема на наглядной основе, в одних случаях с использованием практических, «внешних» действий, в других – путем оперирования наглядными образами. Осуществляется известная закономерность: переход от «внешних» действий к умственным.

Действия учащегося по ходу формирования приема становятся менее зависимыми от наличия внешних опор в задании, т.е. направляются и регулируются умственными процессами. Но в то же время сформированный прием может существовать и в наглядном плане, долго не переходя в словесно-логический план.

Например, задание «Нахождение закономерности» может выполняться детьми на разном уровне. Подразумевается, что на начальном этапе обучения приему порядок предъявления задания – от наглядно-действенного к словесно-логическому, на заключительных этапах – в обратной последовательности, как помощь при затруднении выполнения задания в словесно-логическом плане.

Следующее, четвертое условие – речевое проговаривание действий на каждом этапе формирования приема умственной деятельности. Слабость речевой регуляции деятельности, отмеченная у детей с ЗПР, обуславливает необходимость включения речевого проговаривания действий во все этапы формирования приема с целью повышения осознанности

усваиваемого материала.

Пятое условие – учет индивидуальных особенностей овладения приемами. Одно и то же задание может выполняться разными учащимися на различном уровне самостоятельности, с использованием различных видов помощи, на вербальном (умственном) или невербальном (с опорой на наглядные стимулы) уровне.

По форме предъявления, содержанию, объему оказываемая учителем-дефектологом на занятиях помощь может быть: стимулирующей, организующей, направляющей, обучающей. Стимулирующая помощь предъясняется в виде эмоционального настроя на выполнение задания, предложения подумать, проверить результат своей работы. Организующая помощь предполагает уточнение и разъяснение инструкции к заданию. Направляющая помощь предусматривает проведение ориентировки в задании, планирования предстоящих действий, включает смысловые опоры, обеспечивая наглядный план умственных действий. Обучающая помощь предъясняется в виде указаний, определяющих последовательность хода решения, подробного описания алгоритма выполнения задания.

В некоторых случаях формированию приема предшествует пропедевтический период. Особое внимание при этом уделяется коррекции составляющих звеньев приема. Так, известные в психолого-педагогических исследованиях данные об особенностях мышления детей с ЗПР указывают на ряд недостатков процесса анализа, его составляющих элементов. При анализе предмета или явления дети называют лишь поверхностные, несущественные качества.

Указанные выше условия реализуются в системе специальных коррекционно-развивающих заданий, которые, с одной стороны, готовят обучающихся к осмыслению учебного материала, а с другой – требуют самостоятельных обобщений и выводов.

Выполнение заданий в определенной логической последовательности обеспечивает формирование у учащихся способов овладения знаниями, приемов умственной деятельности.

Соблюдение данных условий значительно повышает уровень усвоения приемов мыслительной деятельности учащимися с ЗПР,

что оказывает существенное влияние на их умственное развитие и возможности обучения.

Формирование у учащихся репродуктивных способов умственной деятельности позволяет совершенствовать мыслительные операции, является этапом подготовки обучающихся к собственной продуктивной деятельности.

Для этого в коррекционно-развивающей работе используются три группы заданий: «задания-инструкции», «задания-реконструкции», «задания-поиски».

«Задания-инструкции» направлены на восприятие, осмысление, запоминание и воспроизведение материала на основе образца рассуждения и выполнения того или иного коррекционно-развивающего задания. Задания этой группы требуют от школьников репродуктивной деятельности. Они способствуют овладению рядом умственных приемов, нужных при выполнении данного алгоритма, и накоплению в памяти данных, необходимых для последующей продуктивной деятельности.

«Задания-реконструкции» направлены на дальнейшее совершенствование мыслительных операций, на активное овладение приемами рациональной умственной деятельности. Эти задания требуют от учащихся перестройки образца выполнения того или иного коррекционно-развивающего задания, учета поступившей новой информации и соотнесения ее с той, которая уже имеется.

«Задания-поиски» направлены на использование всей системы приобретенных ранее приемов мыслительной деятельности и конструирования их новых сочетаний.

Деление заданий на три группы следует считать условным, однако оно позволяет повысить контроль за ходом умственной деятельности учащихся.

Показателем сформированности приема является выработанная у школьников потребность в его использовании. Существенную роль при этом играют «задания-поиски», требующие от учащегося умений организовать поиск приема решения задачи, варьировать способы действия, подчинять направления поисков поставленной задаче, самостоятельно использовать усвоенный прием или совокупность приемов, адекватных предложенному заданию.



Туристік түйіндерді байлау техникасы



ЖӘРДЕМОВА

Гүлзипа Ермекқызы
Жаңақала ауданы білім беру
бөлімінің ЖТС-ның ҚББП-і
Жаңақала ауд., БҚО

Сабақтың мақсаты:

Теориялық алған білімдерін практикалық түрде орындап үйрету, туристік қызметтің белсенділігін арттыру, туристік дағдыларын қалыптастыру, туристік-спорттық дайындықтарын, икемділіктерін дамыту.

Салауатты өмір салтына қажетті жағдайда өз бетімен жедел шешім қабылдауға, жауапкершілікке, төзімділікке тәрбиелеу.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: топқа бөлу

Сабақтың техникалық және материалдық жабдықталуы: АКТ, негізгі және көмекші арқандар, карабин

I. Ұйымдастыру бөлімі:

Сабаққа қатысушылармен амандасу.

Топқа бөлу. Топқа екі түрлі туристік құрал түрі жасырылған суреттер беріледі, таңдау арқылы бөлінеді.

II. Кіріспе бөлім

Сабаққа қатысушылардың зейінін жаңа сабаққа бейімдеу. “Миға шабуыл” туристік байлаулар туралы бейнефильм көрсетіледі.

III. Жаңа сабақ

Сабақтың тақырыбы және мақсатын таныстыру.

Байламдар дегеніміз - туристік түрлі операциялар барысында туристік арқандардың, тростардың бір-біріне өзара бекітілуі, қатысушының жеке және топтық сақтандырылуы немесе арқандардың ілмекті байлаулар арқылы орындалатын операцияға лайықты затқа бекітілуі. Сондықтан туризмде байлауларға мынадай шарттар қойылады:


Оңай әрі тез байлануы қажет

Өз бетімен салмақ түскенде ағытылмайтындай,


Операция барысында сырғып, жылжымау қажет, кейін ағытылмастай болып бекіп

қалмауы қажет, кез-келген операцияға лайықты таңдалынуы қажет.


Туристік кедергілерді меңгеру операцияларында қолдануға таңдалынған байлау түрі көңілде сенімсіздік туындатқан жағдайда өміріңізге қауіп төндірмей басқа сенімді байлауды пайдаланған абзал.




Түзу байламы оңай жүзеге асырылады. Салмақ дәрежесі артқан жағдайда тартылып беки түседі. Жаяу туризмде сақтандыру мен сақтандыру белдігін өзара бекіту үшін жиі қолданылады. Операция барысында пайдаланған жағдайда кейін оңай ағытылу үшін арасына ағаш салып орындауға кеңес беріледі.




Сегіздік байламы туристік кедергілерді меңгеру операцияларының барлығында дерлік орындалатын өте сенімді, қарапайым әрі әмбебап байлау түрі. Мысалы: сақтандыру жүйесінде, топтық сақтандыруда, жеке сақтандыруда қолданылады. Салмақ дәрежесі артқан жағдайда операциядан кейін ағытылмастай бекіп қалмайды.




Грейпвайн байламы туристік операцияларда қолданылуда сенімді әрі әдемі орындалатын байлау түрі. Дұрыс орындау үшін тәжірибелілікті қажет етеді. Салмақ дәрежесі артқан жағдайда берік тартылып беки түседі. Туризмде диаметрі бірдей сол сияқты әр түрлі туристік арқандарды жалғауда пайдаланылады.



Академиялық байламы туризмде диаметрі әр түрлі арқандарды жалғауда жиі қолданылатын байлау түрі. Дымқыл, мұз қатқан арқандарда орындауға кеңес берілмейді.



Австриялық жолсерік байламы арқанды тұзақтап байлауда сол сияқты туристік жорықтарда жасанды баспалар дайындауда қолданылады. Бұл байлау түрі әсіресе жардан түсу, көтерілу сонымен қатар тау туризмінде кеңінен қолданылады.




Брамшкоттық байлам сенімсіздік туындаған жағдайда қолданылады. Диаметрлері бірдей сол сияқты әр түрлі туристік арқандарды байлауда қолданылады. Соңына міндетті түрде бақылау байлауы қолданылады.

«Кім жылдам?» бүгінгі сабақта көрсетілген байлау түрлерін жылдамдыққа байлау.



«Тарсия» әдісі. Сабақ барысындағы алған білімдеріне талдау жасауға мүмкіндік береді. Қиылған қағаздарда жазылған сұрақтардың жауабын сәйкестендіріп, үшбұрыштардан пирамида құрау керек.



III. Кері байланыс

Чемодан, қоқыс жәшігі, ет тартқыш

- Оқушылар, бүгінгі тақырып бойынша алған керекті ақпараттарыңызды чемоданға салыңыздар (жазыңыздар), бүгінгі сабақтағы керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігіне салыңыздар (жазыңыздар). Ал бүгінгі ақпараттың ішінде әлі оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, ет тартқышқа салыңыздар (жазыңыздар)

<p>Бүгінгі тақырып бойынша алған керекті ақпараттарыңызды чемоданға салыңыздар (жазыңыздар)</p>	<p>Бүгінгі сабақтағы керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігіне салыңыздар (жазыңыздар)</p>	<p>Бүгінгі ақпараттың ішінде әлі оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, ет тартқышқа салыңыздар (жазыңыздар)</p>



«Ғарыш әлеміне саяхат». Граттаж



КАРАЖАНОВА
Гульжауар Жумабаевна
Мектептен тыс жұмыс
орталығының ҚББП-і
Орал к., БҚО

Сабақ мақсаты:

Білімділік: «Граттаж» тәсілімен танысу, жұмыс жасап үйрену. Ғарыш әлемі туралы білімдерін кеңейту.

Дамытушылық: шығармашылығын, белсенділігін, қиялын, қолдың ұсақ қимыл-қозғалысын дамыту; эстетикалық және көркемдік талғамдарын қалыптастыру, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту.

Тәрбиелік: ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа, шыдамдылыққа, бір-біріне үнемі қол ұшын беріп, көмектесуге тәрбиелеу; жасалатын жұмыс әрекетін нақты ұйымдастыра білу қабілетін қалыптастыру.

Міндеті: ғарыш әлемі, ғаламшарлар жайлы түсінік қалыптастыру. Білімдерін кеңейту. Ғарышкерлермен таныстыру. Граттаж тәсілімен жұмыс жасау. Адамзаттың ортақ үйі – Жер планетасына, ғарыш әлеміне сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: байқампаздық пен қиялды, көркем шығармашылықты, эстетикалық талғампаздықты қалыптастыру жалғасады;

Берілген тапсырмаға сәйкес оқу іс-әрекетін жоспарлау және сауатты орындау қабілеттері қалыптастырылады;

Ғарыш әлемі, ғаламшарлар жайлы түсінік қалыптастырылады;

Ғарышкерлермен танысады;

Сабақ түрі: аралас

Оқыту әдісі: түсіндірмелі-иллюстративті, практикалық, ізденіс

Жабдықтар: экран, ноутбук

Қажетті құралдар: алдын – ала бояп дайындалған қағаз, үшкір ұштық, сулықтар

Дидактикалық көрнекі құралдар: дайын жұмыс үлгілері, музыкалық сүйемелдеме

Пәнаралық байланыс: бейнелеу өнері, жаратылыстану, астрономия

Сабақтың барысы

1. Ұйымдастыру бөлімі

Сәлемдесу.

Сыныпта жақсы психологиялық ахуал мен шығармашылық жағдай жасау. Балалардың көңілін сабаққа аудару.

2. Сабақ тақырыбына кіріспе

- Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп тұр.

Жерде болса да тұрағым,

Марсқа ұшып тұрамын.



Бұл кім?

- Ғарышкер. Дұрыс айтасындар. Балалар, 12 сәуір – Ғарышкерлер күні мерекесі.

3. Жаңа сабақты түсіндіру

Біздің Қазақстанда ғарышқа ұшатын Байқоңыр – ғарыш алаңы бар. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының аумағында орналасқан. Іргесі 1955 жылы қаланған. Ғарыш алаңын салу үшін Байқоңырды таңдап алу, кезінде бұл жердің елді мекендерден қашық болуы, экватор жазықтығына жақындығы, ракета ұшырудың қауіпсіздігі, қайтып оралатын ғарыштық объектілер үшін қолайлы қону аймақтарының болуы, т.б. факторлар ескерілді.

1961 жылы 12 сәуірде тұңғыш рет ғарышқа адам ұшты. Бұл адам Кеңес Одағының азаматы Юрий Гагарин болатын. Содан бері талай ғарышкерлер ұшып зерттеу жұмыстарын жүргізді. Солардың ішінде біз мақтанышпен айта алатын қазақстандық батырлар да бар.



Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров – Қазақстанның тұңғыш ғарышкер ұшқышы 1991 ж. 2 қазанда Байқоңыр ғарыш алаңынан “Союз ТМ - 13” ғарыш кемесімен ұшып, сегіз тәулік бойы ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Талғат Амангелдіұлы Мұсабаев - 1994 ж. ғарышқа 1-ші рет ұшып, 126 күн ғарышта өткізген. Гиннестің, үздік табыстар кітабында бір айдың ішінде 5 рет, небары 30 сағат 8 минут ұзақтығымен ашық ғарышқа шыққаны жазылған.

Айдын Айымбетов - «Байқоңыр» айлағынан ғарышқа ұшқан үшінші қазақ ұлтының өкілі. 2015 жылғы 2 қыркүйекте Байқоңыр ғарыш айлағынан «Союз-ТМА-18М» ғарыштық кемесімен ғарышқа ұшты.

- Ғарышкер Тоқтар ағамыз Орал қаласында болып, суретші Сәкен Ғұмаровтың музей – үйінің ашылу салтанатына қатысып, туындыларын тамашалаған.

Бүгін осы ғарыш әлемі туралы, біздің сабағымыздың қонағы, С.Ғұмаров мұражайының экскурсия жетекшісі – Толыбаева Гүлжанат Рамазанқызы әңгімелеп береді...

- Балалар күн жүйесінде 8 үлкен және 43 серік ғаламшарлары бар. Үлкен ғаламшарлар - Меркурий, Шолпан, Жер, Юпитер, Сатурн, Марс, Уран, Нептун.

Бүгінгі сабағымызда «Ғарыш әлемін» граттаж тәсілімен бейнелейміз.

5. Қауіпсіздік ережелерін қайталау

Үшкір ұшпен жұмыс жасау барысындағы жалпы қауіпсіздік ережелерін қайталау. Жұмыс орынын таза ұстау ережелері.

6. Өзіндік жұмысты орындау

Мұғалімнің жетекшілігімен өзіндік жұмыс. Жұмысты жасау кезеңдері:

- Боялған қағаз бетіне қарындашпен болашақ жұмыстың эскизін салу;

- Үшкір ұшпен бояуды сызып, тырнау арқылы суретті бастыру;

- Боялатын жерлерін тырнау әдісі арқылы бояу

Жұмбақ шешу.

Ұшады қанатсыз,

Зырлайды аяқсыз.

(зымыран)

Ұшқыш емес, бірақ ол,

Аспанда қалықтап ұшады.

Оны кім деп ойлайсыңдар?

(Ғарышкер)

Етегім толы сөк,

Ерте тұрсам жоқ.

(жұлдыз)

Қызыл күлше тау асты,

Ыстық нұрын шашады.

(күн)

7. Сабақты қорытындылау

- Әр адам ғарышқа саяхаттағысы келеді. Әр адам ұшқыш, ғарышкер болғысы келеді. Бірақ ол үшін адам баласына шыдамдылық пен ақыл, білім керек.

- Сабақ ұнады ма сендерге балалар? (Ия, ұнады)

Балалар сендердің жұмыстарың өте әдемі орындалған. Сендердің тырысқандарың көрініп-ақ тұр. Жарайсыңдар!

- Келген қонақтарымызға үлкен рахмет айтамыз!

Оқушылардың дайын жұмыстарынан көрме ұйымдастырамыз.



Минералдар және тау жыныстары




АДАЙӘЛІ
Мирбол Фибатоллаұлы
«Атамекен» ҚБЖТжЭО
педагог-сарапшы, ҚББП-і,
Орал қ. БҚО

Бөлім	Минералдар және тау жыныстары
Күні	28.01.2024 ж
Үйірме атауы, топ	Жас геолог (8 сынып, 15 оқушы)
Сабақтың тақырыбы	Тау жыныстары мен минералдардың құрамы, құрылысы.
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	8.3.1.5 тау жыныстары мен минералдарды түрлі белгілері бойынша жіктейді. 8.3.1.6 тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты пайдалы қазбалардың таралуына талдау жасайды
Сабақтың мақсаты	Тау жыныстары мен минералдар жөніндегі білімдерін кеңейту

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі, уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 10 мин	Ұйымдастыру кезеңі: Психологиялық тренинг: «Өмір неткен керемет!». Оқушылар 2 топқа бөлінеді. Өткенді ойға түсіру, Оқушылардан тау жынысы, магмалық жыныстар, шөгінді жыныстар, метаморфты жыныстар анықтамасын еске түсіру сұралады. Тау жыныстары - жер қыртысында жеке дене құрайтын, минералдық құрамы тұрақты болатын минералдардың табиғи жиынтығы. Магмалық тау жыныстар – бұл магманың жер бетіне шығып, суынуы мен қатуынан пайда болған жыныстар.	Психологиялық тренинг: «Өмір неткен керемет!» Оқушылар шеңбер құрып тұрып үрілген шарларға аттарын жазып бір-біріне лақтырады, шар ұстаған оқушы аты жазылған оқушыға қысқаша тілек айтады. Шар ұстағандар бір топ, лақырғандар екінші топ болады. Өткенді қайталап, өз ойларын айтады: Минералдармен тау жыныстарын салыстырып жұмыстанады	«Бас бармақ» арқылы бағалау   	Суретпен жұмыс Интерактивті тақта Ноутбук

Шөгінді жыныстар – басқа жыныстардың бөлшектері мен өсімдіктер және жануарлар қалдықтарынан қалыптасқан жыныстар. Метаморфты жыныстар – жоғарғы температуралар мен қысымның әсерінен басқа жыныстардың құрамы мен қасиеттерінің өзгеруінен қалыптасқан жыныстар



Олардың табиғаттағы айналымын зерттеп, пікір алмасады



Сабақтың ортасы 25 мин

Жаңа сабақты меңгерту: АКТ-мен жұмыс. Оқушылар интерактивті тақтадан мәтінді оқып шығып, кесте толтырады. Тапсырма №1. Кесте толтыру. Кестені талдап болғаннан кейін оқушыларға гранит, пемза, тұз, көмір, тау жыныстары беріледі, минералдардың түрлерін шығу тегі бойынша жіктеу ұсынылады. Тапсырма №2. «Үштік» әдіс Тақырыптық карталарды қолданып, берілген сұрақтарға дәптеріңізде жазбаша жауап беріңіз. А. Қазақстанның пайдалы қазбалар картасын (атлас 8 сынып) қолданып, мұнай мен табиғи газдың шоғырлану аймақтарын анықтаңыз.

Жаңа сабақты меңгеруі: Оқушылар 8 сыныптан өткен тақырыптарын интерактивті тақтада берілген тапсырмаларды орындап, қорытады. Мәтінмен жұмыс. Кестені толтырады

«Шапалақ» арқылы бағалау



Суретпен жұмыс
Интерактивті тақта
Ноутбук

	Магмалық	Шөгінді	Метаморфтық
Сипаттамасы			
Қасиеті			
Пайдалы қазбалар			

	<p>Б. Қазақстанның пайдалы қазбалар картасын қолданып, тас көмірдің және қоңыр көмірдің шоғырлану аймақтарын анықтаңыз. Алаптарына мысалдар келтіріңіз.</p> <p>В. Көмірдің таралу себептерін түсіндіріңіз.</p> <p>Д. Полиметалл кені Қазақстанның қандай аймақтарында шоғырланған. Таралу себепін түсіндіріңіз. (Қосымша №5) Дескриптор, оқушы - тақырыптық карталарды қолданып, берілген сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Сергіту сәті: «Заряд алу» Музыка әуенімен физикалық жаттығулар. «Үштік» әдіс (Ойлан, жұптас, бөліс) Оқушылар ойларына келген жауаптар мен идеяларды барынша көп жазу арқылы өз түсінгендерімен бөліседі.</p>  <p>Тау жыныстары мен минералдардың шығу тегі мен таралуы бойынша постерлерін қорғайды</p> 		
<p>Сабақтың соңы 5 мин</p> <p>Кері байланыс</p>	<p>Бекіту: «Ыстық орындық» «Минералдар қандай заттар?»</p> 	<p>«Ыстық орындық» әдісі. Оқушылар сабақтан өзінің басты түйгендерін айтады. Бұл әдіс оқушыларда оқылған материалдан түйінді, басты ақпаратты іріктей білу дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Кестемен жұмыстанады, ерекшеліктерін ажырата біледі. Сабақ туралы өз ойларын жапсырады: Ұнамады, ойланамын, ұнады. Қызыл, сары, жасыл стикерлер арқылы бағалайды.</p>	 <p>Бағдаршам арқылы бағалау</p>	<p>Суретпен жұмыс</p> <p>Интерактивті тақта</p>



Батыс Қазақстанның палеонтологиялық олжалары



ЯКУПОВА
Жамиля Болатқызы
М.Өтемісов атындағы БҚ
университеті, оқытушы,
география ғылымдарының магистрі
Орал қ., БҚО

Мақсаты: оқушыларды Батыс Қазақстанның палеонтологиялық олжаларымен таныстыру

Тірек сөздер: кайнозой, мезозой, белемниттер, теңіз кірпілері, аммониттер

Әдісі: әңгімелесу, диалог, зерттеу әдісі

Пайдаланылған құралдар: қазба қалдықтары, стратиграфикалық шкала, өлшеуіш құралдар (штангенциркуль)

Жоспар:

1. Юра кезеңіндегі жердің даму тарихы.
2. Органикалық әлемі
3. Бор кезеңіндегі жердің даму тарихы.
4. Палеонтологиялық негізі (Органикалық әлемі)
5. Батыс Қазақстанның палеонтологиялық олжалары

Мазмұны

1. Юра кезеңі. Юра кезеңі 58 млн жылға созылады. Юра кезеңінің атауы Швецариядағы Юра тауларымен байланысты қойылған. Кезеңді жеке үш жүйеге француз геолог ғалымы А.Броньер бөлді.

Бөлімдер	Ярустар(қабаттар)
Жоғарғы юра (малым)	Жоғарғы Волга Төменгі Волга Оксфорд Келловей
Ортаңғы юра (доггер)	БАТ Байос Аален
Төменгі девон (лейас)	Тоар Домер Плинсбах Лотарин Синемур Геттанж

Юра кезеңі жер қыртысының тектоникалық белсенділік және теңіз трансгрессиясының уақыты болды. Бұрынғы кезеңдегідей Гондвана және Лавразия материктері құрлық күйін сақтады. Олар Альпі-Гималай геосинклинальдары суларымен бөлінді. Материктердің шығысы мен батысында Тынық мұхиты геосинклинальдармен ұштасып жатты. Ежелгі және жаңа киммерилік тектоникалық қозғалыстар кембриге дейінгі, каледондық және герцендік құрылымдардан пайда болған жер бедерін айтарлықтай өзгертті. Платформаларда төмен шөгүлер байқалады. (Ағылшын-Париж, Аквитан, Солтүстік Герман, Батыс Сібір, Лена-Вилюй және тағы басқа). Гондвана материгінің жекелеген бөліктерінде де төмен түсулер байқалды. Кордильер геосинклинальды облыстарында тектоникалық қозғалыстар мен геосинклинальдық қозғалыстармен ұштасқан вулканизм процесі қарқынды жүрді.

Жоғарғы юра кезеңінде Батыс Еуропа, Орыс платформасы, Батыс-Сібір ойпаты, Солтүстік-Солтүстік Шығыс Африка, Батыс Австралия ал Мадагаскар аралы тұтас теңіз трансгрессиясына ұшырады.

2. Органикалық әлемі. (Палеонтологиялық негізі) Өсімдіктер әлемінің таралуына қолайлы климаттық жағдай болды. Ашық (жалаңаш) тұқымды өсімдіктер кеңінен таралды. Қылқан жапырақтылар, цикадов, гингков, беннетит өсімдіктері таралды. Солтүстік облыстарда қылқан жапырақтылар, ал оңтүстік облыстарда цикадов, гингков, беннетит, папоротниктер

өсті. Юра кезеңінде бауырымен жорғалаушылар (қосмекенділер) жақсы дамыды. Сондықтанда юра кезеңін «жорғалаушылар ғасыры» деп атады. Құрлықта тіршілік ететін бауырымен жорғалаушылардан динозавр (қорқынышты кесірткелер), оның ішінді жыртқышы да, шөппен қоректенетіні де болды. Жыртқыш динозаврдың бірі- цератозавр (мүйізді кесіртке). Шөппен қоректенетін динозавр диплодок ұзындығы 26 метр, салмағы 30 тонна. Диплодок негізінен суда тіршілік етеді, көп қозғалмайтын, икемсіз, құйрығы мен мойыны ұзын, басы кішкентай жануар. Су бауырымен жорғалаушылары ихтиозавр және плезиозавр. Ихтиозавр немесе балық тектес кесіртке ұзындығы 10 метр. Негізінен балыққа ұқсайды. Өткір тістерімен балықпен және моллюскалармен қоректенеді. Плезиозавр ұзын құйрықты, теңіз мысығына ұқсайды (морж) мойыны ұзын, басы кішкентай жануар. Жақ сүйектері өткір тістерден тұрады. Юра кезеңінде жер бетінде алғашқы құс археоптерикс (үлкендігі қарғадай) тіршілік ете бастады. Бауырымен жорғалаушылар мен құстардың аралығындағы құс. Денесі қауырсандармен жамылған. Қысқа қанаттарының ұшында үштен саусақтары бар. Тұмсығы толық дамымаған, жағында көптеген уақ тістері болды. Құйрығы ұзын, жиырмадан аса уақ

омыртқалары қанаттармен жабылған.

Балықтар алуан түрлігімен және көптігімен ерекшеленді. Әсіресе акула тәрізділер жақсы дамыды. Сүтқоректілерден қалталылар класының өкілдері тіршілік етті. Теңіз омыртқасыздарынан – аммонит, белемнойд, маржандар, брахиопод, губкалар, теңіз кірпісі, теңіз лилиялары және ұлулар болды.

3. Бор кезеңі. Кезең шамамен 70 млн жылға созылады. Кезеңнің атауы бор шөгіндісінің шығуымен байланысты. Кезеңді жеке жүйе етіп ат салысқан ғалым Омали-усом д’ Аллуа. (1822 жылы). Кезең екі жүйеге жіктелінеді.

Бор кезеңінің бөлімдері (жүйелері)

Бөлімдер	Ярустар (қабаттар)
Жоғарғы бор	Дат - Маастрихт - Кампан - Сантон - Сенон Коньяк - Туров - Сеноман -
Төменгі бор	Альб Апт Баррем } Неоком Готерив Валанжин



Төменгі бор дәуірінің соңында қарқынды тектоникалық қозғалыс болып, батыста австриялық, шығысында верхоян қатпарлану фазасы түзіледі.

Верхоян қатпарлану фазасының нәтижесінде Шығыс Азия геосинклинальды облысы өзінің дамуын тоқтатады. Геосинклинальды облыстар орнында алып таулы структура қалыптасады.

Альпі-Гималай геосинклинальды облыстарының батыс бөлігінде, қарқынды тектоникалық қозғалыс Альпі-Карпат тауларының негізін қалады.

Гондвана және Лавразия материктерінің төмен түсуі нәтижесінде Үнді және Атлант мұхитының негізі қаланады. Осының нәтижесінде жоғары бор дәуірінде теңіз трансгрессиясы басталады.

Жоғары Бор дәуіріндегі теңіз трансгрессиясы–Жердің даму тарихындағы ең ірісі болып саналады. Осы аралықта Лавразия және Гондвана материгінің біраз бөлігін су басып, жекелеген аралдар қалыптасты.

Киммерилік қатпарлану нәтижесінде Кордильер-Анд геосинклинальдарының орнында Кордильер-Анд таулы массиві қалыптасады. Тынық мұхиты жағалауында киммерилік тектогенез әсерінен Лавразия және Гондвана

материктерін түгел қамтып жатқан, алып тау құрылымы қалыптасады.

4. Органикалық дүниесі. (Палеонтологиялық негізі) Өтпелі кезеңнің өсімдіктері таралды. Егер төменгі бор кезеңінде мезозой эрасына юра кезеңінің өсімдіктері мен жануарлар дүниесі тән болса, жоғары бор кезеңінде кайназой эрасы палеоген кезеңінің өсімдіктері мен жануарлар дүниесі тән болды.

Төменгі бор кезеңінде өсімдіктер әлемнен ашық тұқымдастардан секвоя, цикадов, гинггов, бенетиттер таралды. Секвоя қылқан жапырақтыларға жатады. Жоғары бор кезеңінде алғаш рет жер бетінде жабық тұқымдас өсімдіктер өсе бастады. Оларға пальма, лилия, лавр, платон, магнолия, емен, терек, қайың, жүзім және басқа да өсімдіктер әлемі таралды. Сонымен қатар жер бетінде алғаш рет шөптесін өсімдіктер өсе бастады. Жануарлар әлемінен бауырымен жорғалаушылардан жыртқыш-тиранозавр бойының ұзындығы 5 метр, тістері пышақ тәріздес болды. Шөппен қоректенетін мүйізтұмсыққа ұқсас, қорғану үшін үш мүйізі бар трицератопс, ал суда тіршілік ететін бауырымен жорғалаушылардан плезиозавр, ихтиозавр, жылан тәрізді мозозаврлар тіршілік етті.



Қанатының ұзындығы 8 метрге жететін ұшатын кесірткеге ұқсас птеранодон. Ал сүт қоректілерден қалталылар және сауыттылар (плацентарные) класы тіршілік етті. Суда тіршілік ететін омыртқасыздардан аммонит, белемнит және маржандар болды. Сүйекті балықтар әртүрлігімен ерекшеленді.

Бірақ киммерилік тектоникалық цикл әсерінен, климаттың күрт өзгерісі барысында динозавр, птерозавр және суда тіршілік ететін бауырымен жорғалаушылар, тісті құстар, аммонит, белемнит және басқалары түгел жойылып бітеді.

5. Батыс Қазақстанның палеонтологиялық олжалары

Жақында Маңғыстау облысының Шетпе кентінде (2018) төменгі бор кезеңінен плезиозавр қаңқасының фрагменті табылды. Ірі кәсіпорынның қызметкерлерінің бірі жер қопару жұмыстарын жүргізу кезінде біртүрлі пішіндегі үлкен сүйектерге тап болды. Санкт-Петербургтегі Ресей Ғылым Академиясының Зоология институтының қызметкерлері үлгілердің плезиозаврдың қалдықтары екенін растады, олар триас кезеңінен бор кезеңіне дейін өмір сүрген бауырымен жорғалаушылар тобына жатады (шамамен 199,6 — 65,5 миллион жыл бұрын). Ұзындығы 3,5 метр болатын 36 омыртқалар қазылды. Бұл мойын, каудальды омыртқалардың және дорсальды бөліктері. Табылған қазба қалдықтар қазіргі таңда Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейінің табиғат бөлімінде сақтаулы.

Тушыбек ауылы (Қазақстанның Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы) маңынан ихтиозаврдың қаңқасы табылған жер (мамыр, 2019 ж.) Сұлулы Қапы шатқалында (Шетпе ауылынан батысына қарай 15 км), палеонтолог-әуесқой В.Ярцев жануарлар қаңқасының фрагменттерін тапқан. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ғалымдары, Ресей палеонтологы В.М.Ефимовпен және Маңғыстау өлкетану музейінің қызметкерлерімен бірлесіп ихтиозаврдың толық емес қаңқасын қазып алды. Сүйектер төменгі бор кезеңінің альбалық деңгейінің глауконитті алевролитіне жиналды. Қазба жұмыстары барысында бас сүйек, шаршы сүйек, тіс, атлас, 45 омыртқа, қабырға және жүйке доғаларының фрагменттері табылды. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің базасында сүйектер қоршаған жыныстардан

тазартылып, су өткізбейтін ерітінділермен сіндіріліп, олардан өлшеулер алынды. Омыртқалы денелердің биіктігі 100-134 мм, ені - 103-128 мм, қалыңдығы - 36-52 мм, атланттың мөлшері омыртқалардың мөлшерінен айтарлықтай ерекшеленеді. Атланттың қалыңдығы -71 мм, биіктігі - 130 мм, ені - 121 мм құрады. 5 тіс жиналды, дөңгелек пішінді, өлшемі 60 мм-ге дейін, қуатты шаршы түбірі бар. Омыртқалар омыртқалы бағанның бірінші жартысында біркелкі емес амфицелиямен үлкен, сакрумда максималды мөлшерге жетеді. Қабырғалары қалың, екі басы бар, жотасы жоқ. Омыртқаның жота өсіндісі жоғары, соңында кең платформа бар. В.М. Ефимовтың анықтауы бойынша, ихтиозавр ерте бор дәуірінің альб қабатында өмір сүрген *Platypterygius* тұқымдасына жатады.

Батыс Қазақстан облысының Байтерек ауданының Щучкино кентінің жанындағы Таловка шатқалының сол жағында жоғарғы юра (Еділ қабаты) шөгінділерінде белемниттер, аммониттер табылды.

Бақылау сұрақтары:

1. Юра кезеңінің бөлімдері (жүйелері)
2. Юра кезеңінің органикалық әлемі.
3. Бор кезеңінің бөлімдері (жүйелері)
4. Бор кезеңінің органикалық әлемі.
5. Батыс Қазақстанда табылған палеонтологиялық олжалар

Әдебиеттер:

1. Маслов Н.П. Историческая геология с элементами палеонтологий. Москва 1982 ж.
2. Гурский Б. Н., Корулин Д.М. Геология общая и историческая Минск, 1982 ж.
3. Ивахненко М.Ф., Корабельников В.А. Живое прошлое Земли. Москва «Просвещение». 1987 г.
4. Акопян В.Т., Богданова Т.Н., Джалилов М.Р., Коротков В.А., Лобачева С.В., Луппов Н.П., Мятлюк Е.В., Порецкая Е.С. Ленинград «Наука», 1988 г.
5. Михайлова И.А., Бондаренко О.Б., Обручева О.П. Общая палеонтология. МГУ, 1989
6. Богоявленская О.В., Федоров М.В. Основы палеонтологии. Москва «Недра» 1990
7. Железко В.И. Эласмобранхии и биостратиграфия палеогена Зауралья и Средней Азии. «Екатеринбург» 1999 г.
8. Данукалова Г.А. Палеонтология в таблицах. Тверь «Герс», 2009



Спорттық туризмнен (жаяу туризм) Халықаралық жарыс және велосипед туризмінен Қазақстан Республикасының чемпионаты

2024 жылдың 2-7 шілде аралығында Павлодар облысында спорттық туризмнен (жаяу туризм) Халықаралық жарыс және велосипед туризмінен Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Жарысқа Республикамыздың 11 өңірінен 25 команда қатысты. Батыс Қазақстан облысының құрама командасы 3 жас ерекшелік бойынша бақтарын сынады.

«Жеке» сынақта жақсы нәтиже көрсеткендер: Асқар Айша 1-орын, Қуаныш Әділет 2-орын, Болатқали Сержан 3-орын, Оразалы Айару 3-орын, Ерғали Гульмира 1-орын, Неталиев Карим 1-орын, Амангельдиева Нургуль 2-орын.

«Байлам» қашықтығы бойынша: Алипов Б./ Қайырғалиев А. - 1 орын, Асқар А./ Оразалы А. - 1 орын, Қасымғали Б. / Джумағалиева Г.- 1 орын, Жәңгірханұлы Ә. / Асылбек Т. - 2 орын,

Нигметов Е. / Кенжемұрат Т. - 1 орын, Неталиев К./ Амангельдиева Н. - 1 орын.

Батыс Қазақстан облысының құрама командасы жалпы командалық есеп бойынша спорттық туризмнен Халықаралық жарыста «Балалар» тобы - 1 орын, «Жасөспірімдер» тобы - 2 орын; «Ересектер» тобы 1- орын алды.

Велосипед туризм техникасынан Қазақстан Республикасының чемпионатында: «Балалар» тобы - 3 орын, «Жасөспірімдер» тобы - 1 орын, «Ересектер» тобы - 2 орынды иеленді.

Батыс Қазақстан облысының құрама командасы Ақжайық, Бөрлі, Бөкей ордасы, Жәнібек, Казталов, Қаратөбе мен Теректі аудандарының туризм орталықтарының білім алушыларынан құрылды. Құрама команданың жетекшілері К. Неталиева, Ә. Темірболат, Т.Кенжемұрат, Е.Нигметов.





VII Халықаралық жас геологтардың далалық олимпиадасы

2024 жылдың 20-27 шілде аралығында БҚО «Сармат» құрама командасы Ақмола облысының «Бурабай» курорттық аймағында өткен Қ.Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған VII Халықаралық жас геологтардың далалық олимпиадасына қатысты. Іс-шараға Қазақстанның барлық өңірлерінен және РФ, Беларусь, Қырғызстан, Өзбекстаннан 21 команда қатысты. Олимпиаданы ҚР өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Геология комитетінің қолдауымен «Жас геолог» корпоративтік қоры ұйымдастырды.

Олимпиада қорытындысы бойынша «Сармат» құрама командасы: «Гидрология» жарысы - 1 орын, «Палеонтология» жарысы - 1 орын, «Геология және біз» байқауы - 2 орын, «Фотосуреттер» байқауы - 2 орын, «Суреттер» байқауы - 2 орын, «Тастан жасалған қол бұйымдары» байқауы - 3 орын, «Геологиялық есеп» байқауы - 3 орын, жеке есепте Утебаева Аяна Satbayev University оқу грантын жеңіп алды.

Команда құрамында Бәйтерек, Бөрлі, Бөкейордасы аудандарының білім алушылары болды.



«Елтану» туристік-өлкетану экспедициясы Қаныш елінде

Білім басқармасының 2024 жылғы жұмыс жоспарына сәйкес, жасөспірімдерді қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, өлкетану ісіне баулу, рухани-мәдени мұраларды сақтау арқылы танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында 2024 жылдың 28 маусым – 6 шілде аралығында Орал қаласы – Павлодар қаласы – Баянауыл ауданы - Орал қаласы маршрутымен Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына орай «Елтану» туристік – өлкетанулық экспедициясы ұйымдастырылды.

Экспедициясының алғашқы күні облыс орталығындағы Павлодар қаласындағы балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығындағы «Жас эколог» музейі, орталық жанындағы экологиялық - ботаникалық кешеніне және жылыжайға танымдық экскурсиялар жасап, Бұхар жырау атындағы Павлодар облыстық әдебиет және өнер музейі, Г.Н.Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі мен тарихи-жаратылыстану үлгісімен құрылған цифрлы «ERTIS» музейімен танысып, Ертіс жағасындағы әлемге танымал «Қазқонақ» палеонтологиялық орнымен және жағалау жағажайында бой көтерген академик Қ.Сәтбаевтың ескерткішін тамашалап, сан ғасырлық тарих пен мыңжылдықтар бойы қалыптасқан ғажайып табиғаттың сырлары тұнған өлкеге жол тартты.

Түс ауа Торайғыр ауылына келіп Торайғыр көлі,



С. Торайғыровтың мазарына барып, Әулиебұлақ, Кемпіртас, Найзатас сынды табиғаттың салып берген таңғажайып сұлулықтарына куә боп, біздің дәуірге дейінгі VIII-IX ғасырларда сақ дәуірінен келе жатқан Тасмола мәдениетіне жататын қорғандарды тамашалады.

Экспедициямыздың екінші күні, Жасыбай көлінен үш шақырым жерде орналасқан Қоңыр әулие үңгіріне барып, тарихта таңбаланған дәуір «Ақтабан - шұбырындыны» - «Ұлы жұт жылдарын» еске салатын Жасыбай батырдың басына барды.

Түстен соң Баянауыл ауданының әкімшілік орталығында бой көтерген Бұқар жырау Қалқаманұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әлкей Хақанұлы Марғұлан, Шәкен Айманов сынды танымал тұлғалардың ескерткіштеріне тағзым етіп, академик, Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаушы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев мұражайында болып, кемеңгер ғалымның өмірімен, теңдессіз еңбек жолымен танысып, жергілікті өлкетанушылардың қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Экспедициямыздың соңғы күні Екібастұз қаласындағы Мәжһүр Жүсіп Көпейұлының ескерткіші алдында аялдап, тағзым еткен экспедиция мүшелері Павлодар қаласына жол тартты. Үш күн бойы оқушылар Павлодар қаласы мен Баянауыл ауылының тарихымен, танымал тұлғалардың өмір жолдарымен танысып, ерекше мол әсермен қайтты. Еліміздің тарихын, жерін, танып-зерттеп жүрген болашақ жастарымыздың алдағы уақытта еліне адал қызмет етер азаматтар мен азаматшалар шығатынына сеніміміз мол.

Экспедицияның сапалы өтуіне қолдау көрсеткен Павлодар қаласының білім басқармасына және туризм орталығының ұжымына алғыс білдіреміз.

Аталмыш экспедиция барысын <https://ertistv.kz/kz/news/32861> «ERTIS» телеарнасынан, <https://www.instagram.com/reel/C84xAazNULF/?igsh=MWtkZ313NzN3YnhmZA> == Павлодар қаласының туризм орталығының және <https://www.instagram.com/reel/C84Vr0sSy7Q/?igsh=MW90MG01MnE4dWowZw> == Білім Басқармасының әлеуметтік желілерінде, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды.



Лето 2024

Лето — это время, когда дети наслаждаются отдыхом от школы и учебы. Многие родители задумываются о том, каким образом организовать летний отдых своих детей. Летний лагерь является идеальным вариантом для ребенка, чтобы провести время с пользой. Это отличная возможность познакомиться с новыми людьми и узнать больше. Летний лагерь является идеальным местом для того, чтобы дети могли общаться с другими и развивать свои социальные навыки. Ребенок может найти новых друзей, с которыми он может поделиться своими идеями и интересами. Участие в совместных занятиях, играх и мероприятиях помогают детям научиться работать в команде и развивать свои коммуникативные навыки.

В целях эффективного и самое главное безопасного отдыха детей совместно с девятью Министерствами был подписан «План мероприятий по организации оздоровительного отдыха, досуга и занятости детей в период летних каникул на 2024-2026 года», включающий законодательные нормы, программы, а также мониторинг и контроль.

Впервые в этом году Министерством просвещения были разработаны единые требования к каждому виду лагерей, создан республиканский мониторинг приемки лагерей и проведения инструктажа. Для организаторов летнего отдыха детей Министерством просвещения также были разработаны «Методические рекомендации организации оздоровительного отдыха, досуга и занятости детей в период летних каникул на

2024-2026 года». В данных рекомендациях были представлены проекты нормативных документов, памятки для всех видов лагерей, программы, сценарии, а также концептуальные подходы к развитию системы оздоровления и отдыха.

Областным центром детско-юношеского туризма и экологии в этом году летний отдых детей был организован на базе туристского лагеря «Самал». Для детей педагогический состав подготовил разнообразную и познавательную программу. В программе летнего отдыха: посещение музеев города Уральска, детского зоопарка, этно-туристического центра «Саят», освоение навыков пешеходного туризма, совершение 2-х дневного похода, а также интеллектуально-познавательные мероприятия и спортивные состязания. Конечно же соблюдается режим дня, в который включены утренняя зарядка, хождение по биоактивной тропе, а также вкусное питание.

В этом году в рамках благотворительного проекта «ҚН Жаздық жолдама-2024» общественного фонда «Қазақстан халқына» 378 детей из сельской местности Западно-Казахстанской области отдохнули в ТЛ «Самал». Это дети из районов, подвергшихся затоплению, отличники учебы, победители творческих конкурсов и спортивных соревнований.

Перед открытием летнего сезона был проведен текущий ремонт в комнатах и столовой, получены разрешения на открытие лагеря из соответствующих органов.



Республикалық "Әдістемелік Вернисаж" байқауының жеңімпаздарын құттықтаймыз!



Ескалиева Гулмира Талимовна
БҚОБЖТЖЭО өлке тану бөлімінің әдіскері,
педагогика ғылымдарының магистрі



Сарсенгалиев Фархат Самиголович
БҚОБЖТЖЭО-ның педагог-шебер санатты қосылма
білім беру педагогы, тарих ғылымдарының магистрі

ОҚУ БРАНДЫ ҚҰЛПЫ БОЛСЫН!



Бәйтерек ауданы ЖТӨ-ның
үйірме тәрбиеленушісі,
Кален ЖОББМ-нің
11 сынып оқушысы
Үтебаева Аяна
Satbayev University-нің оқу
грантын жеңіп алды.

Шіртеге шақырамыз!!!

«Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық орталығы» МКҚК оқушыларды үйірмелерге қатысуға шақырады:

- «Өлкетану»;
- «Спорттық туризмі»;
- «Жартасқа өрмелеу»;
- «Спорттық бағдарлау»;

Қажетті құжаттар тізбесі:

- 1) Өтініш;
- 2) Туу туралы куәлік;
- 3) 027/у дәрігерлік анықтама;
- 4) Келісім.

Мекен-жайымыз:

Орал қаласы,
Исатай батыр көшесі 71/1,
телефон: 8 (711 2) 52 59 42



Приглашаем в кружки!!!

ГККП «Областной центр детско-юношеского туризма и экологии упарвления образования акимата Западно-Казахстанской области» приглашает школьников в кружки по следующим направлениям:

- «Краеведение»;
- «Спортивный туризм»;
- «Скалалазание»;
- «Спортивное ориентирование».

Перечень документов:

- 1) Заявление;
- 2) Свидетельство о рождении;
- 3) Медицинская справка (№ 027/у)
- 4) Согласие

Адрес:

г. Уральск,
ул. Исатай батыра, 71/1,
тел/факс (8-7112) 52-59-42

